Атмосфералық жауын-шашынның үлесті электрөткізгіштігі 30,42 мкСм/см-ден (Жағабұлақ МС) 330,15 мкСм/см (Ақтөбе МС) дейінгі шекте болды.

Түскен жауын-шашын қышқылдылығы әлсіз қышқыл, сілтісі аз сипатта болып, 5,32 (Жағабұлақ МС) – 6,89 (Аяқкүм МС) аралығында болды.



2.2- сурет. Ақтөбе облысы аумағындағы атмосфералық жауын-шашын мен қар жамылғысын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

2.6 Ақтөбе облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы


Ақтөбе облысы аумағындағы жер үсті суларының ластануын бақылау 1 су нысанында: Елек жүргізілді.

Елек өзені – Жайық өзенінің көпсулы сол жақ саласы. Өзен суының температурасы 0 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,70, судағы еріген оттегінің концентрациясы – 8,83 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,68 мг/дм³. Биогенді заттар (бор (3+) – 19,9 ШЖШ, тұзды аммоний – 2,2 ШЖШ), ауыр металдар (хром (6+) – 3,1 ШЖШ, хром (3+) – 1,8 ШЖШ, марганец (2+) – 2,4 ШЖШ), органикалық заттар (фенол - 1,3 ШЖШ).

Ақтөбе облысы аумағында су сапасы келесі түрде бағаланады: «ластанудың жоғарғы деңгейіндегі».

2017 жылдың 1 кварталымен салыстырғанда Елек өзенінің су сапасы айтарлықтай өзгермеген.

2018 жылдың 1 кварталы бойынша Ақтөбе облысы аумағындағы Елек өзенінде 9 жоғары ластану (ЖЛ) тіркелді (5-кесте).



2.3 сур. Ақтөбе облысы аумағындағы жер үсті сулары сапасының сипаттамасы

2.7 Ақтөбе облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күн сайын жергілікті 7 метеорологиялық станцияларда (Ақтөбе, Қарауылгелді, Новоалексеевка, Родниковка, Уіл, Шалқар, Жағабұлақ) және Ақтөбе қаласының (№2 ЛББ, №3 ЛББ) 2 автоматты бекетінде бақылау жүргізілді (2.2-сур.).

Елді-мекендер бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,08– 0,28 мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,13 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

2.8 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Ақтөбе облысында 3 метеорологиялық станцияда (Ақтөбе, Қарауылгелді, Шалқар) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (2.4 -сур.).

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,7- 4,0 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,2 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



2.4 – сурет. Ақтөбе облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

3 Алматы облысының қоршаған орта жай-күйі

3.1 Алматы қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 16 стационарлық бекетте жүргізілді (3.1-сур., 3.1-кесте).

3.1 - кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынам а мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігін е 4 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	Амангелді көшесі, Сәтпаев көшесінің бұрышы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол, формальдегид
12	тәулігін е 3 рет		Райымбек даңғылы, Наурызбай батыр көшесінің бұрышы	
16			Айнабұлақ-3 шағынауданы	
25			Маречек көшесі, Б.Момышұлы көшесінің бұрышы	
26			Тастақ-1 шағынауданы, Төлебикөшесі, 249	
27 (жер үсті)	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Медео метеостансасы, Горная көшесі, 548	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді
28 (жер үсті)			аэрологиялық станса (Әуежай ауданы) Ахметов көшесі, 50	
29 (жер үсті)			Түркісіб ауданының ІДАБ Р. Зорге көшесі, 14	
30			«Шаңырақ» ш-а, №26 мектеп,	

Бекет нөмірі	Сынам а мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
(жер үсті)			Жанқожа батыркөш., 202	бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді
31 (жер үсті)			Орбита ш-а(«Зеленстрой» АҚ Дендропарк аймағы)	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді
1 (биік)			Д.А.Қонаеват.,« Тау-кен ісі институты» Абай даңғ., 191	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді
2 (биік)		Әл-Фараби ат. ҚазҰУ, Тимирязев көш., 74		
3 (биік)		Рысқұлбековкөш., 28, «КазГАСА» АҚ		
4 (биік)			Алатау ауд. Әкімшілігі, Шаңырақ-2 ш-а, ул. Жанқожа батыркөш.,26	көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді
5 (биік)			Қ.Сәтпаев ат. ҚазҰТУ, Қ.Сәтпаев көш., 22	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді
6 (биік)			Пушкинкөш., 72 (Медеу ауданы әкімшілігінің ғимараты)	



3.1-сурет. Алматы қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Қалада жалпы атмосфералық ауаның ластану деңгейі жоғары болып бағаланды, ЕЖҚ=20% (жоғары деңгей) азот диоксидімен №26-бекет аумағында анықталды (Тастақ-1 Алмалы ауданы), СИ=9 (жоғары деңгей) азот диоксидімен №1-бекет аумағында анықталды (Амангелді көшесі, Сәтпаев көшесінің бұрышы).

Азот диоксидінің орташа шоғырлары – 1,9 ШЖШ_{о.т.}, күкірт диоксиді – 1,3 ШЖШ_{о.т.}, құрады, ауыр металдардың шамасы және басқа ластанушы заттар – ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік азот диоксиді – 9,1 ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 3,4 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді – 3,0 ШЖШ_{м.б.}, РМ-2,5 қалқыма бөлшектері – 2,3 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 2,1 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді – 1,8 ШЖШ_{м.б.}, шоғырлары қалқыма бөлшектер (шаң) бойынша – 1,1 ШЖШ_{м.б.}, құрады, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауа бойынша жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалған жоқ.

3.2 Талғар ауданы Талғар қаласының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Талғар қаласында атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде (№1 нүкте – Әзірбаев көшесі, №2 нүкте – Бокин көшесі) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, фенолдың және формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

Бақылау негіздері бойынша барлық ластаушы заттардың концентрациясы шекті жол берілген шоғырдан аспады (3.2-кесте).

3.2-кесте

Талғар қаласының бақылау негізі бойынша ластаушы заттардың максимальды шоғыры

Анықталатын қоспалар	№1 нүкте		№2 нүкте	
	q _м мг/м ³	q _м /ШЖШ	q _м мг/м ³	q _м /ШЖШ
Қалқыма бөлшектері (шаң)	0,039	0,08	0,036	0,07
Күкірт диоксиді	0,015	0,03	0,016	0,03
Көміртегі оксиді	2,650	0,5	2,800	0,6
Азот диоксиді	0,002	0,01	0,001	0,01
Азот оксиді	0,004	0,01	0,004	0,01
Фенол	0,001	0,13	0,001	0,13
Формальдегид	0,001	0,03	0,002	0,03

3.3 Еңбекшіқазақ ауданы Есік қаласының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Есік қаласында атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде (№1 нүкте – Тоқатаев көшесі, №2 нүкте – Абай көшесі, 87) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, фенолдың және формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

№1 нүктеде қалқыма бөлшектерінің(шаң)шоғыры 1,1 ШЖШ_{м.б.} құрады.

Бақылау деректері бойынша қалған ластаушы заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (3.3-кесте).

3.3-кесте

Есік қаласының бақылау негізі бойынша ластаушы заттардың максимальды шоғыры

Анықталатын қоспалар	№1 нүкте		№2 нүкте	
	q _м мг/м ³	q _м /ШЖШ	q _м мг/м ³	q _м /ШЖШ
Қалқыма бөлшектері (шаң)	0,037	0,07	0,038	0,08
Күкірт диоксиді	0,013	0,03	0,014	0,03
Көміртегі оксиді	3,940	0,8	1,1	0,7
Азот диоксиді	0,001	0,01	0,002	0,01
Азот оксиді	0,004	0,01	0,004	0,01
Фенол	0,001	0,13	0,001	0,3
Формальдегид	0,002	0,03	0,002	0,04

3.4 Еңбекшіқазақ ауданы Түрген ауылының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Түрген ауылында атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде (№1 нүкте – Құлмамбет көшесі, 1; №2 нүкте – Құлмамбет көшесі, 145) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, фенолдың және формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

Бақылау негіздері бойынша барлық ластаушы заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (3.4-кесте).

3.4-кесте

Түрген ауылының бақылау негізі бойынша ластаушы заттардың максимальды шоғыры

Анықталатын қоспалар	№1 нүкте		№2 нүкте	
	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
Қалқыма бөлшектері (шаң)	0,037	0,07	0,036	0,07
Күкірт диоксиді	0,014	0,03	0,013	0,03
Көміртегі оксиді	2,630	0,5	2,540	0,5
Азот диоксиді	0,002	0,01	0,002	0,01
Азот оксиді	0,005	0,01	0,004	0,01
Фенол	0,001	0,13	0,001	0,13
Формальдегид	0,001	0,03	0,001	0,02

3.5 Іле ауданы Өтеген Батыр кентінің эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Өтеген Батыр кентінде атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде (№1 нүкте – Пушкин көшесі, 31; №2 нүкте – Гагарин көшесі, 6) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, фенолдың және формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

№1 нүктеде формальдегидтің шоғыры 4,440 ШЖШ м.б. құрады.

Бақылау деректері бойынша қалған ластаушы заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (3.5-кесте).

3.5-кесте

Өтеген Батыр кентінің бақылау негізі бойынша ластаушы заттардың максимальды шоғыры

Анықталатын қоспалар	№1 нүкте		№2 нүкте	
	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
Қалқыма бөлшектері (шаң)	0,037	0,07	0,037	0,07
Күкірт диоксиді	0,017	0,03	0,017	0,03
Көміртегі оксиді	2,650	0,5	2,660	0,53
Азот диоксиді	0,002	0,01	0,002	0,01

Азот оксиді	0,004	0,01	0,004	0,01
Фенол	0,001	0,14	0,001	0,14
Формальдегид	0,002	0,03	0,002	0,03

3.6 Іле ауданы Боралдай қала үлгісіндегі кенттің эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Боралдай қала үлгісіндегі кентінде атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде (№1 нүкте – Әкімшілік, №2 нүкте – Әуежайлық) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, фенолдың және формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

Бақылау негіздері бойынша барлық ластаушы заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (3.6-кесте).

3.6-кесте

Боралдай қала үлгісіндегі кентінің бақылау негізі бойынша ластаушы заттардың максимальды шоғыры

Анықталатын қоспалар	№1 нүкте		№2 нүкте	
	q _м мг/м ³	q _м /ПЖШ	q _м мг/м ³	q _м /ПЖШ
Қалқыма бөлшектері (шаң)	0,051	0,10	0,038	0,08
Күкірт диоксиді	0,018	0,04	0,018	0,04
Көміртегі оксиді	2,860	0,6	2,910	0,5
Азот диоксиді	0,001	0,01	0,001	0,01
Азот оксиді	0,004	0,01	0,004	0,01
Фенол	0,002	0,16	0,002	0,15
Формальдегид	0,002	0,04	0,002	0,04

3.7 Талдықорған қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (3.2-сур., 3.7-кесте).

3.7- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	Гагарин көш., 216 және Жабаев көшесі	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкірттісутек, аммиак
2	әр 20 минут	үзіліссіз режимде	Абай көш., 337/339	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді,

	сайын			азот диоксиді, азотоксиді, күкірттісутегі, аммиак
--	-------	--	--	--



3.2-сурет. Талдықорған қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды (3.2-сур.), СИ=4 және ЕЖҚ=19 % анықталды (1, 2 - сур.). Қала ауасы (№ 1, 2-бекет аумағында) **күкіртті сутегімен және күкірт диоксидімен** басым ластанған.

Жалпы қала бойынша орташа айлық шоғырлар азот диоксиді – 1,8 ШЖШ_{0.т.}, күкірт диоксиді – 2,1 ШЖШ_{0.т.}, азот оксиді – 2,5 ШЖШ_{0.т.}, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлары күкірт диоксиді – 1,1 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 7 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді – 1,2 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады. (1-кесте).

3.8 Алматы облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 6 метеостанцияда (Алматы, Ауыл-4, Есік, Қапшағай, Мыңжылқы, Текелі) алынған жаңбыр суына сынама алумен (3.3-сурет) жүргізілді.

Жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары кадмийді қоспағанда, шекті рұқсат етілген шоғырлардан (ШЖШ) аспады.


Кадмий шұоғыры Ауыл-4 МС – 1,01 ШЖШ құрады.

Жауын-шашын сынамаларында гидрокарбонаттар 37,3 %, сульфаттар 22,1 %, хлоридтер 9,2 %, кальций иондары 9,4 %, натрий иондары 7,2 % басым болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Ауыл-4 МС – 108,5 мг/л, ең азы Есик МС 15,05 мг/л белгіленді.

Атмосфералық жауын-шашынның үлесті электр өткізгіштігі 26,4 мкСм/см-ден (Есик МС) 182,6 мкСм/см (Ауыл-4 МС) дейінгі шекте болды.

Түскен жауын-шашын сынамаларындағы қышқылдық бейтарап және сілтісі аз сипатта болып 5,8 (Есик МС) – 6,8 (Ауыл-4 МС) аралығында өзгерді.



3.3- сурет. Алматы облысы аумағындағы атмосфералық жауын-шашын мен қар жамылғысын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

3.9 Алматы облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Алматы облысы аумағында жер үсті суларының ластануын бақылау 21 су нысанында (Іле, Текес, Қорғас, Кіші Алматы, Есентай, Үлкен Алматы, Шілік, Шарын, Баянкөл, Қаскелен, Қарқара, Есік, Түрген, Талғар, Темірлік, Қаратал, Ақсу, Лепсі өзендері, Күрті, Бартоғай, Қапшағай су қоймалары) жүргізілді.

Іле өзенінің басы Қытай территориясы Тянь-Шань тау етегінен бастау алады және Қазақстанның ең ірі трансшекаралық өзендерінің бірі боп саналады. Алматы облысы аумағынан Балқаш өзенінің батыс бөлігіне құйылады. Текес, Шарын, Шілік, Түрген, Есік, Баянкөл, Қаскелен, Үлкен Алматы, Кіші Алматы өзендері Іле өзенінің сол жақ жағалаудағы саласы болып табылады. Есентай өзені Кіші Алматы өзенінің тармағы. Қарқара және Темірлік өзендері Шарын өзенінің саласы. Қорғас өзені Іле өзенінің оң жақ жағалаудағы саласы болып саналады. Талғар өзені Қапшағай су қоймасына құяды. Қаратал, Ақсу, Лепсі, Балқаш көліне, Тентек, Жаманты, Ырғайты, Еміл, Қатынсу, Үржар, Егінсу өзендері Алакөл көліне құйылады.

Іле өзенінде судың температурасы 0-10,8 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,02, судағы еріген оттектің концентрациясы -12,0 мг/дм³, ОБТ5 – 1,02 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+)–2,3 ШЖШ) және биогенді заттар (жалпы темір– 2,1

ШЖШ, нитритті азот -1,2 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Текес өзенінде судың температурасы 0-4,1 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,98, судағы еріген оттегінің шоғыры -12,2 мг/дм³, ОБТ5 -1,23 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+)– 2,7 ШЖШ, марганец (2+)– 1,8 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір – 2,9 ШЖШ, нитритті азот -1,4 ШЖШ), негізгі иондар (сульфаттар – 1,1 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Қорғас өзенінде судың температурасы 0-8,0 °С шегінде, сутегі көрсеткіші – 7,98, судағы еріген оттегінің шоғыры – 11,6 мг/дм³, ОБТ5 – 1,53 мг/дм³. Ауыр металдар (марганец (2+)– 1,3 ШЖШ, мыс (2+)– 2,1 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір – 2,6 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Қапшағай су қоймасында судың температурасы 0-2,0 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,13, судағы еріген оттегінің шоғыры – 12,3 мг/дм³, ОБТ5 – 1,33 мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы темір -2,0 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 1,8 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Шарын өзенінде судың температурасы 0-3,4 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,20, судағы еріген оттегінің шоғыры 11,8 мг/дм³, ОБТ5 1,03 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар – 1,2 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) –2,1 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір – 1,4 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Шілік өзенінде судың температурасы 0-3,9 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,15, судағы еріген оттегінің шоғыры – 11,4 мг/дм³, ОБТ5 – 1,06 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+)– 1,5 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір – 1,2ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Баянкол өзенінде судың температурасы 0-4,6 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,12, судағы еріген оттегінің шоғыры 12,1 мг/дм³, ОБТ5 1,75 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+) –1,9 ШЖШ), биогенді заттар (фторидтер – 1,2 ШЖШ, жалпы темір –1,4 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Күрті су қоймасында судың температурасы 0-5,1 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,9, судағы еріген оттегінің шоғыры – 11,2 мг/дм³, ОБТ5 – 1,48 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+) – 3,5 ШЖШ), биогенді заттар (нитритті азот – 1,4 ШЖШ, жалпы темір –2,3 ШЖШ, фторидтер – 1,1 ШЖШ), негізгі иондар (сульфаттар – 1,2 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Бартоғай су қоймасында судың температурасы 0-3,2 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,11, судағы еріген оттегінің шоғыры – 11,1 мг/дм³, ОБТ5 – 0,72 мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы темір -2,2 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 1,6 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Есік өзенінде судың температурасы 0-2,6 °С, сутегі көрсеткіші 8,06, судағы еріген оттегінің шоғыры – 11,7 мг/дм³, ОБТ5 – 1,54 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+) –1,4 ШЖШ), биогенді заттар (фторидтер – 1,1 ШЖШ, жалпы темір –1,6 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Қаскелен өзенінде судың температурасы 0-2,5 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,03, судағы еріген оттегінің шоғыры - 11,7 мг/дм³, ОБТ5 - 1,52 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+) – 2,8 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір –

3,7 ШЖШ, фторидтер- 1,8 ШЖШ, нитритті азот-4,2 ШЖШ, тұзды аммоний- 1,3 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Қарқара өзенінде судың температурасы 0-5,8 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,20, судағы еріген оттегінің шоғыры – 11,9 мг/дм³, ОБТ5 – 1,11 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+) – 2,4 ШЖШ), негізгі иондар (сульфаттар – 1,2 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір – 1,1 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Түрген өзенінде судың температурасы 0-2,6 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,09, судағы еріген оттегінің шоғыры - 11,2 мг/дм³, ОБТ5 – 1,28 мг/дм³. Ауыр металдар (марганец (2+)– 1,1 ШЖШ, мыс (2+)– 3,1 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір – 1,7 ШЖШ, фторидтер- 1,1 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Талғар өзенінде судың температурасы 0-1,3 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,04 судағы еріген оттегінің шоғыры -11,6 мг/дм³, ОБТ5- 1,76 мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы темір – 1,1 ШЖШ, фторидтер- 1,4 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Темірлік өзенінде судың температурасы 0-4,1 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,19, еріген оттегінің шоғыры -11,5 мг/дм³, ОБТ5 -1,56 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+) – 2,3 ШЖШ), негізгі иондар (сульфаттар – 1,2 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Ақсу өзенінде судың температурасы 0-2,9 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,06, судағы еріген оттегінің шоғыры -11,5 мг/дм³, ОБТ5 – 1,14 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+) – 3,2 ШЖШ, марганец (2+)– 1,6 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір – 2,1 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Лепсі өзенінде судың температурасы 0-2,9 °С шегінде, сутегі көрсеткіші – 7,86, судағы еріген оттегінің шоғыры – 11,6 мг/дм³, ОБТ5 – 1,16 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+) – 3,1 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір – 1,7 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Қаратал өзенінде судың температурасы 0-6,8 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,15, судағы еріген оттектің концентрациясы 11,8 мг/дм³, ОБТ5 1,28 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс(2+) – 1,9 ШЖШ, марганец (2+)– 1,1 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір– 1,5 ШЖШ, нитритті азот – 1,3 ШЖШ), бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.


Кіші Алматы өзенінде судың температурасы 0,7-6,3 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,89, еріген оттегінің шоғыры – 12,4 мг/дм³, ОБТ5 – 1,47 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+)– 1,8 ШЖШ), және биогенді заттар (нитритті азот- 4,0 ШЖШ, жалпы темір – 1,1 ШЖШ, нитратті азот- 1,3 ШЖШ, фторидтер- 1,1 ШЖШ, тұзды аммоний-1,1ШЖШ), бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Үлкен Алматы өзенінде судың температурасы 0,2-5,7 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,92, еріген оттегінің шоғыры – 12,0 мг/дм³, ОБТ5-1,24 мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы темір – 1,4 ШЖШ, тұзды аммоний-1,1 ШЖШ, нитритті азот- 2,1 ШЖШ, фторидтер- 1,1 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+)– 1,9 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.


Есентай өзенінде судың температурасы 0,1-5,1 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,03, еріген оттегінің шоғыры – 12,2 мг/дм³, ОБТ5 – 1,41 мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы темір – 1,3 ШЖШ, нитритті азот- 2,4 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+)– 2,1 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Су нысандарының су сапасы келесі түрде бағаланады: «*ластанудың орташа деңгейі*»- Іле, Текес, Қорғас, Кіші Алматы, Шілік, Талғар, Есентай, Үлкен Алматы, Шарын, Баянкөл, Қаскелен, Қарқара, Есік, Түрген, Темірлік, Қаратал, Ақсу, Лепсі өзендері, Күрті, Бартоғай, Қапшағай су қоймалары.

2017 жылдың I тоқсанымен салыстырғанда су сапасы Іле, Текес, Қаскелен, Кіші Алматы, Есентай, Үлкен Алматы, Шарын, Шілік, Талғар, Баянкөл, Қарқара, Есік, Түрген, Темірлік өзендері, Күрті, Бартоғай, Қапшағай су қоймаларында айтарлықтай өзгермеген; Қорғас өзендерінде жақсарған (5-кесте).



3.4 сур. Алматы қаласы жер үсті сулары сапасының сипаттама



3.5 сур. Алматы облысы жер үсті сулары сапасының сипаттамасы

3.10 Алматы облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 8 метеорологиялық стансада (Алматы, Бақанас, Қапшағай, Нарынқол, Жаркент, Лепсі, Талдықорған, Сарыөзек) және Талдықорған қаласының (№2 ЛББ) 1 автоматты бекетінде бақылау жүргізіледі (3.3 - сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,01 – 0,28 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,16 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін нормаға сәйкес келеді.

3.11 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Алматы облысында 5 метеорологиялық станцияда (Алматы, Нарынқол, Жаркент, Лепсі, Талдықорған) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (3.6-сур.).

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,7 – 4,0 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,2 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



3.6 – сурет. Алматы облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

4 Атырау облысының қоршаған ортаның ластану жай-күйі

4.1 Атырау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 5 стационарлық бекетте жүргізілді (4.1-сур., 4.1-кесте).

4.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретт і әдіс)	Азаттық даңғ., Әуезов даңғ. бұрышы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкірттісутегі, фенол, аммиак, формальдегид
5			Сәтбаев даңғ., мен Владимирская көш., бұрышы	
6	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Атырау филиалының жанында, ескі әуежай	PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкірттісутегі, аммиак, көміртегі диоксиді
8			Әуезов даңғылының ауданы	PM-2,5 қалқыма бөлшектер, PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, азот диоксиді,

9			Береке шағын ауданы, Береке өндірістік ауданы	азот оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак
---	--	--	---	--



4.1-сурет. Атырау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің (4.1-сур.) деректері бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейі **жоғары** болып бағаланды, ЕЖҚ мәні бойынша 16%, СИ=6 болып бағаланды (1, 2 - сур.). Қала ауасы №1 (Азаттық даңғ., Әуезов даңғ. бұрышы) және № 6 (Атырау филиалының жанында, ескі әуежай) бекеттер аумағында **күкіртті сутегі** басым ластанған.

Жалпы қала бойынша орташа айлық шоғырлар азот диоксиді бойынша 2,0 ШЖШ_{о.т.}, озон (жербеті) – 1,98 ШЖШ_{о.т.}, басқа ластанушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлары қалқыма бөлшектер (шаң) бойынша – 1,6 ШЖШ_{м.б.}, озон (жербеті) – 1,258 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 5,75 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады. (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

4.2 Құлсары қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (4.2-сур., 4.2-кесте).

4.3 Құлсары қаласының эпизодтық бақылау деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Құлсары қаласында атмосфералық ауаның ластануына бақылау 3 нүктеде (№1 нүкте – «Тенгизшевройл» ЖШС жағынан, темір жол вокзалының ауданы; №2 нүкте – қала орталығында бас пошта жанында; №3 нүкте - қалаға кіріп, шығатын жерде) жүргізілді.

(PM-10) қалқыма бөлшектерінің, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, күкіртті сутегісінің, фенолдың, көмірсутектер (C₁₂-C₁₉), аммиактың, формальдегидтің және метанның шоғырлары өлшенді.

№1, №2 және №3 нүктелерде (PM-10) қалқыма бөлшектерінің шоғыры 1,67-2,0 ШЖШ_{м.б.}, №1 нүктеде күкіртті сутегінің шоғыры 1,13 ШЖШ_{м.б.} құрады.

Бақылау негіздері бойынша барлық ластаушы заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырдан аспады (4.3-кесте).

4.3-кесте

Құлсары қаласының бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың максималды шоғырлары

Анықталатын қоспалар	№1нүкте		№2нүкте		№3нүкте	
	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
(PM -10) қалқыма бөлшектер	0,6	2	0,5	1,67	0,5	1,67
Күкірт диоксиді	0,025	0,05	0,016	0,03	0,023	0,05
Көміртегі оксиді	1,47	0,29	1	0,2	1	0,2
Азот диоксиді	0,038	0,19	0,025	0,125	0,012	0,06
Азот оксиді	0,042	0,11	0,014	0,035	0,011	0,028
Күкірттісутегісі	0,009	1,13	0,006	0,75	0,005	0,63
Фенол	0,003	0,3	0,002	0,2	0,002	0,2
Көмірсутектер(C ₁₂ -C ₁₉)	2,21	-	2	-	2,19	-
Аммиак	0,013	0,07	0,014	0,070	0,012	0,06
Формальдегид	0,005	0,10	0,003	0,06	0,003	0,6
Метан	3,15	-	1,91	-	1,91	-

4.4 Жаңа Қаратон кентінің эпизодтық бақылау деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Жаңа Қаратон кентінде атмосфералық ауаның ластануына бақылау 3 нүктеде(№1 нүкте –«Құлсары»-кіру темір жол станциясынан 86 км ары; №2 нүкте – шырақтан ары орналасқан СҚА 5 км ары (санитарлық қорғау аймағы); №3- нүкте – шырақтан 8-10 км ары орналасқан тұрғын аймағы (СҚА ары))жүргізілді.

(PM-10) қалқыма бөлшектерінің, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, күкірттісутегісінің, фенолдың, көмірсутектерінің (C₁₂-C₁₉), аммиактың, формальдегидтің және метанның шоғырлары өлшенді.

Барлық нүктелерде (PM-10) қалқыма бөлшектерінің шоғыры 1,67 ШЖШ_{м.б.}, №1,2,3 нүктелерде күкіртті сутегінің шоғыры 1,12-1,62 ШЖШ_{м.б.} құрады.

Бақылау негіздері бойынша барлық ластаушы заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырдан аспады (4.4-кесте).

4.4-кесте

Жаңа Қаратон кентіндегі бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың
максималды шоғырлары

Анықталатын қоспалар	№1 нүкте		№2 нүкте		№3 нүкте	
	q _м мг/м ³	q _м /ШЖШ	q _м мг/м ³	q _м /ШЖШ	q _м мг/м ³	q _м /ШЖШ
PM -10 қалқыма бөлшектер	0,6	2	0,5	1,67	0,5	1,67
Күкірт диоксиді	0,042	0,08	0,043	0,08	0,046	0,09
Көміртегі оксиді	2	0,4	2	0,4	2,20	0,44
Азот диоксиді	0,032	0,16	0,030	0,15	0,038	0,19
Азот оксиді	0,036	0,09	0,029	0,07	0,038	0,09
Күкірттісутегісі	0,009	1,12	0,013	1,62	0,013	1,62
Фенол	0,002	0,2	0,004	0,4	0,004	0,4
Көмірсутектер(C ₁₂ -C ₁₉)	4,45	-	4,48	-	4,48	-
Аммиак	0,024	0,12	0,018	0,09	0,033	0,17
Формальдегид	0,003	0,06	0,004	0,08	0,006	0,12
Метан	5,11	-	5,41	-	4,37	-

4.5 Ганюшкино ауылының эпизодтық бақылау деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Ганюшкино ауылында атмосфералық ауаның ластануына бақылау 3 нүктеде (№1 нүкте - Ганюшкино МС жаңында; №2 нүкте - теміржол бекеті ауданы, №3 нүкте - Жыланды ауылындағы мектептен 200 м ары) жүргізілді.

(PM-10) қалқыма бөлшектерінің, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, күкіртті сутегісінің, фенолдың, көмірсутектерінің (C₁₂-C₁₉) аммиактың, формальдегидтің және метанның шоғырлары өлшенді.

Барлық нүктелерде (PM-10) қалқыма бөлшектерінің шоғыры 1,67 ШЖШ_{м.б.}, №2 нүктеде күкіртті сутегінің шоғыры 1,25 ШЖШ_{м.б.} құрады.

Бақылау негіздері бойынша барлық ластаушы заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырдан аспады (4.5-кесте).

4.5-кесте

Ганюшкино ауылының бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың
максималды шоғыры

Анықталатын қоспалар	№1 нүкте		№2 нүкте		№3 нүкте	
	q _м мг/м ³	q _м /ШЖШ	q _м мг/м ³	q _м /ШЖШ	q _м мг/м ³	q _м /ШЖШ
(PM -10) қалқыма бөлшектер	0,5	1,67	0,5	1,67	0,5	1,67

Күкірт диоксиді	0,016	0,03	0,008	0,01	0,016	0,03
Көміртегі оксиді	2,10	0,42	2	0,4	2	0,4
Азот диоксиді	0,012	0,06	0,014	0,07	0,017	0,08
Азот оксиді	0,024	0,06	0,018	0,04	0,015	0,03
Күкірттісутегісі	0,005	0,62	0,010	1,25	0,005	0,62
Фенол	0,004	0,4	0,005	0,5	0,004	0,4
Көмірсутектер(C ₁₂ -C ₁₉)	2,39	-	1,4	-	2,39	-
Аммиак	0,015	0,07	0,013	0,06	0,015	0,07
Формальдегид	0,008	0,16	0,003	0,06	0,004	0,08
Метан	2,41	-	4,1	-	2,6	-

4.6 Атырау облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 3 метеостанцияда (Атырау, Ганюшкино, Пешной) алынған жаңбыр суына сынама алумен (4.3-сурет) жүргізілді.


Жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті рұқсат етілген шоғырлардан аспады.

Жауын-шашын сынамаларында гидрокарбонаттар 36,48 %, сульфаттар 27,04 %, хлоридтер 17,27 %, кальций иондары 13,43 %, натрий ионы 11,60 % және калий ионы 5,34 % басым болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Атырау МС – 156,2 мг/л, ең азы Ганюшкино МС 24,4 мг/л белгіленді.

Атмосфералық жауын-шашынның үлесті электр өткізгіштігі 39,63 мкСм/см-ден (Ганюшкино МС) 267,63 мкСм/см (Атырау МС) дейінгі шекте болды.

Түскен жауын-шашын сынамаларындағы қышқылдық сілтісі аз сипатта болып, 6,14 (Ганюшкино МС) – 7,02 (Атырау МС) аралығында өзгерді.



4.3- сурет. Атырау облысы аумағындағы атмосфералық жауын-шашын мен қар жамылғысын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

4.7 Атырау облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Атырау облысы аумағындағы жер үсті суларының ластануын бақылау 3 су нысанында, Жайық, Шаронова, Қиғаш өзендерінде жүргізілді.

Жайық өзені Ресей Федерациясы аумағынан ағып шығып, БҚО және Атырау облысы аумақтарынан ағып өтіп, Каспий теңізіне Атырау облысы аумағына құйылады.

Шаронова және Қиғаш өзендері Волга өзенінің төменгі ағысындағы, Қазақстан аумағы арқылы өтетін тармақтары. Өзендер Атырау облысы аумағында Каспий теңізіне құйылады.

Жайық өзенінде су температурасы 0°C - $2,3^{\circ}\text{C}$ шегінде, сутегі көрсеткіші – 7,9, судағы еріген оттегі шамасы $-5,7\text{мг/дм}^3$, ОБТ₅– $3,4\text{мг/дм}^3$ құраған. Ауыр металдар (марганец 1,1 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді

Шаронова өзенінде су температурасы -0°C - $2,5^{\circ}\text{C}$ шегінде, сутегі көрсеткіші–8,03, судағы еріген оттегі шамасы $-7,6\text{мг/дм}^3$, ОБТ₅– $4,0\text{мг/дм}^3$. ШЖШ нормадан асуы тіркелмеген.

Қиғаш өзенінде су температурасы- 0°C - $1,8^{\circ}\text{C}$ шегінде , сутегі көрсеткіші–6,9, судағы еріген оттегі шамасы- $6,0\text{мг/дм}^3$, ОБТ₅– $3,3\text{мг/дм}^3$. ШЖШ нормадан асуы тіркелмеген.

СЛКИ бойынша су сапасы Жайық өзенінде -«ластанудың орташа деңгейі» деп бағаланады, Шаронова, Қиғаш өзендерінде -«нормативті таза» деп бағаланады.


2017 жылы 1 тоқсанымен салыстырғанда Жайық өзенінде су сапасы нашарлаған, Қиғаш, Шаронова өзендерінде айтарлықтай өзгермеген.

Оттегінің 5 тәуліктегі биохимиялық тұтынылу (ОБТ₅) мәні бойынша Жайық, Шаронова және Қиғаш өзендерінде су сапасы «ластанудың орташа деңгейі» деп бағаланады.

Оттегінің 5 тәуліктегі биохимиялық тұтынылуы (ОБТ₅) бойынша 2017 жылы 1 тоқсанымен салыстырғанда Жайық, Қиғаш өзендерінде су сапасы нашарлаған, Шаронова өзенінде айтарлықтай өзгермеген.

Еріген оттегі бойынша барлық су нысандарында «нормативті таза» деп бағаланады.

2017 жылдың 1 тоқсанымен салыстырғанда айтарлықтай өзгеріс жоқ (4-кесте).



4.4 сур. Атырау облысы жер үсті суларының сипаттамасы

4.8 Атырау облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 3 метеорологиялық стансада (Атырау, Пешной, Құлсары) және Құлсары қаласының 1 автоматты (№7 ЛББ) бекетінде жүргізіледі (4.3 - сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,07-0,18 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,11 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін нормаға сәйкес келеді.

4.9 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Атырау облысында 1 метеорологиялық станцияда (Атырау) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (4.5-сур.). Стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,8- 3,5 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,3 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



4.5– сурет. Атырау облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

5 Шығыс Қазақстан облысының қоршаған орта жай-күйі

5.1 Өскемен қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 7 стационарлық бекетте жүргізілді (5.1-сур., 5.1-кесте).

5.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне	қол күшімен	Рабочая көшесі, 6	қалқыма бөлшектер (шаң),

5	3 рет	алынған сынама(дискретті әдіс)	Қайсенов көшесі, 30	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкіртті сутегі, фенол, фторлы сутек, хлор, хлоры сутек, формальдегид, күкірт қышқылы, күшәнның анықталмаған қосындысы, бенз(а)пирен, гамма-фон.
7			Первооктябрьская көшесі, 126 (Защита стансасы)	
8			Егорова көшесі, 6	
12			Сәтбаев даңғылы, 12	
				№1,5,7 ЛББ: бериллий, кадмий, мыс, қорғасын, мырыш
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Питер-Коммунаркөшесі, 18	PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак, көмір сутегісінің сомасы, метан
3			Ворошилов көшесі, 79	



5.1-сурет. Өскемен қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің (5.1-сур.) деректері бойынша қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **өте жоғары** болып бағаланды, СИ=132 (өте жоғары деңгей) құрады (1,2-сур.). Қала ауасы (№2,3 бекеттер аумағында) **күкіртті сутегі** басым ластанған.

*2018 жылы 2-9, 15, 19-21, 24-31 қаңтарда, 1-3,7, 9-14, 16-21, 24-27 ақпанда №2, №3 автоматты бекеттердің бақылау мәліметі бойынша күкіртті сутегі бойынша 10,0-49,8 ШЖШ аралығында атмосфералық ауаның жоғары ластанудың (ЖЛ) 1529 жағдайы және 50,1 – 131,7 ШЖШ атмосфералық ауаның экстремалды жоғары ластанудың (ЭЖЛ) 64 жағдайы анықталды (2-кесте).

* БҚ 52.04.667-2005 сәйкес, СИ>10 болса, ең болмаса біреу бақылау мерзімінен СИ 10-нан көп болған кезде, ЕЖҚ орнына күндер саны анықталады.

Жалпы қала бойынша орташа айлық шоғырлар қалқыма бөлшектер (шаң) -1,5 ШЖШ_{0.т.}, РМ-10 қалқыма бөлшектер – 1,3 ШЖШ_{0.т.}, күкірт диоксиді – 2,9 ШЖШ_{0.т.}, азот диоксиді – 2,0 ШЖШ_{0.т.}, фторлы сутек – 1,4 ШЖШ_{0.т.}, қорғасын – 1,3 ШЖШ_{0.т.}, қалған ауыр металдар мен басқа ластаушы заттар мөлшері ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлары қалқыма бөлшектер (шаң) бойынша – 4,4 ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 1,8 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді – 5,0 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 2,8 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 2,8 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді – 1,2 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 131,7 ШЖШ_{м.б.}, фенол – 2,1 ШЖШ_{м.б.},

фторлы сутегі – 1,6 ШЖШ_{м.б.}, күкірт қышқылы – 1,7 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

5.2 Риддер қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3 стационарлық бекетте жүргізілді (5.2-сур., 5.2-кесте).

5.2- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Островский көшесі, 13А	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол, формальдегид, күшән
6			Клинка көшесі, 7	
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	9 мая көшесі,7	PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, көмір сутегісінің соммасы, метан



5.2-сурет. Риддер қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері (5.2-сур.) бойынша қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **жоғары** болып бағаланды, СИ=5 және ЕЖҚ=22% мәндерімен анықталды (1, 2-сур.). Қала ауасы (№1,2-бекет аумағында) **күкіртті сутегімен** басым ластанған.

Жалпы қала бойынша орташа айлық шоғырлар РМ-10 қалқыма бөлшектері – 1,2 ШЖШ_{о.т.}, басқа ластаушы заттар – ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлары РМ-10 қалқыма бөлшектері – 1,3 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 1,1 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді – 3,0 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 4,99 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


5.3 Семей қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (5.3-сур., 5.3 -кесте).

5.3 - кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Рысқұлов пен Глинка көшелерінің қиылысы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді
4			343 квартал (балабақша ауданы)	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Найманбаев көшесі, 189	көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, аммиак, көмірсутегісінің сомасы, метан
3			Аэрологиялық станция, 1	РМ-2,5 қалқыма бөлшектер, РМ-10 қалқыма бөлшектер, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), аммиак



5.3-сурет. Семей қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің (5.3-сур.) деректері бойынша қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, ЕЖҚ=11% № 4 (343 квартал (балабақша ауданы) бекет аумағында **фенолмен** және СИ=3 № 3 (Аэрологиялық станция, 1) РМ-2,5 қалқыма бөлшектерімен басым ластанған (1, 2-сур.).

Жалпы қала бойынша орташа айлық шоғырлар РМ-2,5 қалқыма бөлшектер - 1,4 ШЖШ_{0.т.}, азот оксиді – 1,2 ШЖШ_{0.т.}, фенол – 1,7 ШЖШ_{0.т.}, басқа ластану заттар – ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлары қалқыма бөлшектер (шаң) бойынша – 1,2 ШЖШ_{м.б.}, РМ-2,5 қалқыма бөлшектері – 3,3 ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 1,8 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 1,5 ШЖШ_{м.б.}, фенол – 2,0 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластану заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

5.4 Глубокое кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (5.4-сур., 5.4 -кесте).

5.4 - кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
--------------	----------------	-----------------	------------------	----------------------

1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискр етті әдіс)	Ленин көшесі,15	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, азот диоксиді, фенол, күшән, гамма-фон
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Попович көшесі, 9 «А»	PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі



5.4-сурет. Глубокоє кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің (5.4-сур.) деректері бойынша қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **жоғары** болып бағаланды, СИ=4 (көтеріңкі деңгей) № 2 (Попович көшесі, 9 «А») бекет аумағында **күкірт диоксидімен және аммиакпен** және ЕЖҚ= 26% (жоғары деңгей) № 2 (Попович көшесі, 9 «А») бекет аумағында **күкіртті сутегімен** басым ластанған.

Жалпы кент бойынша орташа айлық шоғырлары PM-2,5 қалқыма бөлшектер – 1,4 ШЖШ_{о.т.}, күкірт диоксиді – 1,8 ШЖШ_{о.т.}, азот диоксиді – 1,2 ШЖШ_{о.т.}, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлары PM-2,5 қалқыма бөлшектері – 2,25 ШЖШ_{м.б.}, PM-10 қалқыма бөлшектері – 1,0 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді – 1,29 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 3,94 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 1,62 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 2,58 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 3,38 ШЖШ_{м.б.}, аммиак – 3,67 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


5.5 Зырянов қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (5.5-сур., 5.5-кесте).

5.5- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Партизанская көшесі, 118	PM-2,5 қалқыма бөлшектер, PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді



5.5-сурет. Зырянов қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің (5.5 - сур.) деректері бойынша қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, СИ=0 және ЕЖҚ=0% анықталды.

Жалпы қала бойынша барлық ластаушы шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

5.6 Шығыс Қазақстан облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 4 метеостанцияда (Риддер, Семей, Үлкен Нарын, Өскемен) алынған жаңбыр суына сынама алумен (5.6-сурет) жүргізілді.


Жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырлардан аспады.

Жауын-шашын сынамаларында гидрокарбонаттар 19,67 %, сульфаттар 10,56%, кальций иондары 5,80% басым болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Өскемен МС – 50,28 мг/л, ең азы Үлкен Нарын МС 15,78 мг/л белгіленді.

Атмосфералық жауын-шашынның үлесті электр өткізгіштігі 27,03 мкСм/см-ден (Үлкен Нарын МС) 79,58 мкСм/см (Өскемен МС) дейінгі шекте болды.

Түскен жауын-шашын сынамаларындағы қышқылдық бейтарап және сілтісі аз сипатта болып, 5,6 (Үлкен Нарын МС) – 6,3 (Өскемен МС) аралығында өзгерді.



5.6- сурет. Шығыс Қазақстан облысы аумағындағы атмосфералық жауын-шашын мен қар жамылғысын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

5.7 Шығыс Қазақстан обласы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Шығыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасын бақылау 9 су нысанында жүргізіледі (Қара Ертіс, Ертіс, Бреска, Тихая, Үлбі, Глубочанка, Красноярка, Оба, Бұқтырма, Емел).

Қара Ертіс өзенінде су температурасы $0,1^{\circ}\text{C} - 5,3^{\circ}\text{C}$, сутегі көрсеткіші 7,22, еріген оттегінің судағы шоғыры $12,12 \text{ мг/дм}^3$, OBT_5 $2,62 \text{ мг/дм}^3$. Ауыр металдар (мыс (2+) 1,2 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Ертіс өзенінде су температурасы $0,1^{\circ}\text{C} - 0,6^{\circ}\text{C}$, сутегі көрсеткіші 7,84, еріген оттегінің судағы шоғыры $9,78 \text{ мг/дм}^3$, OBT_5 $1,51 \text{ мг/дм}^3$. Ауыр металдар (мыс (2+) 1,9 ШЖШ, марганец (2+) 1,1 ШЖШ, мырыш (2+) 2,0 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Бұқтырма өзенінде су температурасы $0,1^{\circ}\text{C}$, сутегі көрсеткіші 8,06, еріген оттегінің судағы шоғыры $10,06 \text{ мг/дм}^3$, OBT_5 $1,69 \text{ мг/дм}^3$. Ауыр металдар (мыс (2+) 2,2 ШЖШ, мырыш (2+) 1,2 ШЖШ, марганец (2+) 1,3 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Брекса өзенінде су температурасы $0,1-0,6^{\circ}\text{C}$, сутегі көрсеткіші 7,91, еріген оттегінің судағы шоғыры $9,79 \text{ мг/дм}^3$, OBT_5 $1,14 \text{ мг/дм}^3$. Биогенді заттар (нитритті азот 1,6 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) 2,9 ШЖШ, мырыш (2+) 5,5 ШЖШ, марганец (2+) 6,8 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Тихая өзенінде су температурасы $0,1-1,8^{\circ}\text{C}$, сутегі көрсеткіші 7,87, еріген оттегінің судағы шоғыры $9,34 \text{ мг/дм}^3$, OBT_5 $2,20 \text{ мг/дм}^3$. Биогенді заттар (тұзды аммоний 2,6 ШЖШ, нитритті азот 3,4 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) 3,2 ШЖШ, мырыш (2+) 5,1 ШЖШ, марганец (2+) 11,5 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Үлбі өзенінде су температурасы $0,1-0,4^{\circ}\text{C}$, сутегі көрсеткіші 7,68, еріген оттегінің судағы шоғыры $9,85 \text{ мг/дм}^3$, OBT_5 $1,79 \text{ мг/дм}^3$. Ауыр металдар (мыс (2+) 2,0 ШЖШ, марганец (2+) 11,1 ШЖШ, мырыш (2+) 32,7 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Глубочанка өзенінде су температурасы $0,1-0,4^{\circ}\text{C}$, сутегі көрсеткіші 8,18, еріген оттегінің судағы шоғыры $9,38 \text{ мг/дм}^3$, OBT_5 $1,61 \text{ мг/дм}^3$. Биогенді заттар (нитритті азот 1,2 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) 2,2 ШЖШ, мырыш (2+) 6,9 ШЖШ, марганец (2+) 7,3 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Красноярка өзенінде су температурасы $0,1-0,4^{\circ}\text{C}$, сутегі көрсеткіші 8,16, еріген оттегінің судағы шоғыры $9,49 \text{ мг/дм}^3$, OBT_5 $1,64 \text{ мг/дм}^3$. Ауыр металдар (мыс (2+) 2,9 ШЖШ, марганец (2+) 6,9 ШЖШ, мырыш (2+) 16,0 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.


Оба өзенінде су температурасы $0,1-0,2^{\circ}\text{C}$, сутегі көрсеткіші 7,93, еріген оттегінің судағы шоғыры $7,89 \text{ мг/дм}^3$, OBT_5 $1,15 \text{ мг/дм}^3$. Ауыр металдар (мыс (2+) 1,7 ШЖШ, марганец (2+) 1,8 ШЖШ, мырыш (2+) 2,7 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Емел өзенінде су температурасы $0,1-0,2^{\circ}\text{C}$, сутегі көрсеткіші 8,11, еріген оттегінің судағы шоғыры $8,41 \text{ мг/дм}^3$, OBT_5 $1,09 \text{ мг/дм}^3$. Негізгі иондар (сульфаттар 1,6 ШЖШ), биогенді заттар (нитритті азот 3,2 ШЖШ, тұзды аммоний 1,4 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) 1,4 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.


Су нысандары суының сапасы келесідей бағаланады: «ластанудың орташа деңгейі» – Қара Ертіс, Ертіс, Бұқтырма, Емел, Оба өзендері; «ластанудың жоғары деңгейі» – Брекса, Тихая, Глубочанка, Красноярка өзендері; «ластанудың өте жоғары деңгейі» - Үлбі өзені.

2017 жылдың 1-тоқсанымен салыстырғанда Қара Ертіс, Ертіс, Бұқтырма, Брекса, Тихая, Красноярка, Глубочанка, Емел, Оба өзендері айтарлықтай өзгермеген, Үлбі өзені – төмендеді («ластанудың жоғары деңгейі» дәрежесінен «ластанудың өте жоғары деңгейіне» ауысты).

Облыс аумағында 2018 жылы 1-тоқсанда келесі ЖЛ және ЭЖЛ жағдайлары тіркелді: Глубочанка өзені – 5 ЖЛ, Красноярка өзені – 4 ЖЛ, Брекса өзені – 4 ЖЛ, Тихая өзені - 1 ЖЛ, Үлбі өзені – 4 ЖЛ және 3 ЭЖЛ (5-кесте).



5.7 сур. Емел өзенінің жер үсті сулары сапасының сипаттамасы



5.8 сур. Шығыс Қазақстан облысы жер үсті сулары сапасының сипаттамасы

5.8 Гидробиологиялық (уыттылық) көрсеткіштер бойынша ШҚО аумағындағы жер үсті су сапасының сипаттамасы

2018 ж. қаңтар айынан наурыз айына дейінгі жоғарғы Ертіс алабы ағын суларының суы гидробиологиялық көрсеткіштер бойынша бірыңғай емес.

Қара Ертіс, Еміл, Ертіс, Бұқтырма, Оба, Үлбі (Өскемен қ.), Брекса (шартты көрініс), Тихая, Үлбі (Тишинск кені) (шартты көрініс), Глубочанка (шартты көрініс) және Красноярка (шартты көрініс) өзендерінен алынған су сынамалары тірі ағзаларға өткір уытты әсер еткен жоқ.

Ең қолайсыз жағдай Үлбі өз. (Тишинск кені) алынған су сынамаларында тіркелді. «Тишинск кеніші шахталық суларының төгіндісінен 4,8 км төмен; автожол көпірі маңындағы» тұстамада өткір уыттылық әсері барлық айда байқалды, өлген дафниялар саны 100% құрады.

Брекса өз. «қала шегінде; Брекса өз. сағасынан 0,6 км жоғары» тұстамада өткір уыттылық ақпан айында байқалды, өлген тест-объектілер саны 100% құрады.

Наурыз айында Глубочанка өз. «Белоусовка а. тазалау құрылғыларының шаруашылық қалдық сулары төгінділерінен 0,5 км төмен; автожол көпірі маңындағы» тұстамада өткір уыттылық әсері тіркелді, өлген дафниялар саны 60% құрады.

Красноярка өз. «Березовка өз құйылысынан 1 км төмен; автожол көпірі маңындағы» тұстамада өткір уыттылық 1 тоқсан бойы байқалды, өлген дафниялар саны 73,3 тен 100% аралығында болды (7-қосымша).

5.9 Шығыс Қазақстан облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 17 метеорологиялық стансада (Ақжар, Аягөз, Дмитревка,


Баршатаc, Бакты, Зайсан, Жалғызтөбе, Катон-Қарағай, Көкпекті, Күршім, Риддер, Самарқа, Семей, Үлкен Нарын, Өскемен, Шар, Шемонаиха) жүргізіледі (5.9 - сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,05-0,22 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,14 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін нормаға сәйкес келеді.

5.10 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 7 метеорологиялық станцияда (Аяғөз, Баршатаc, Бакты, Зайсан, Көкпекті, Семей, Өскемен) ауа сынамаcын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (5.9-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,6-3,7 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,2 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



5.9 – сурет. Шығыс Қазақстан облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

6 Жамбыл облысының қоршаған орта жай-күйі

6.1 Тараз қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 5 стационарлық бекетте жүргізілді (6.1-сур., 6.1-кесте).

6.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар	
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Шымкент көшесі, 22	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фторлысутек, формальдегид	кадмий, кобальт, марганец, қорғасын
2			Рысбек батыр көшесі, 15, Ниетқалиев көшесінің бұрышы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фторлысутек, формальдегид	
3			Абай және Төле би көшелерінің бұрышы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фторлысутек, формальдегид, бенз(а)пирен	кадмий, кобальт, марганец, қорғасын
4			Байзақ батыр көшесі, 162	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, формальдегид	
6	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Сәтбаев көшесі мен Жамбыл даңғылы	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, көміртегі диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті),	

				күкірттісутегі, аммиак
--	--	--	--	---------------------------



6.1-сур. Тараз қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі *көтеріңкі* болып бағаланды, $СИ=2$ және $ЕЖҚ=6\%$ азот диоксидімен (№3 бекет аумағында) анықталды (1,2-сур.).

Азот диоксиді орташа айлық шоғырлары– $1,9$ ШЖШ_{о.т.}, басқа ластаушы заттар мен ауыр металдардың бар болуы ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлары қалқыма бөлшектер (шаң) бойынша – $1,8$ ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 2 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – $1,6$ ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді– $1,4$ ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – $1,1$ ШЖШ_{м.б.}, фторлы сутек– $1,1$ ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

6.2 Жаңатас қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.2-сур., 6.2-кесте).

6.2 - кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
--------------	----------------	-----------------	------------------	----------------------

1	әр 20 минут сайын	үзіліссізрежимде	Тоқтаров көшесі, 27/1 және 27-а	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкірттісутек, аммиак
---	-------------------	------------------	---------------------------------	--



6.2-сурет. Жанатас қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.2-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, СИ=2 және ЕЖҚ=0% анықталды (1,2-сур.).

* БҚ 52.04.667-2005 келісілгендей, егер СИ және ЕҚ әр түрлі градацияға сәйкес келегенде, атмосфералық ауаның ластану деңгейі ең жоғарғы көрсеткішпен есептелінеді.

Озонның (жербеті) орташа шоғырлары – 2,3 ШЖШ_{о.т.}, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлары PM-2,5 қалқыма бөлшектері – 2,1 ШЖШ_{м.б.}, PM-10 – 1,1 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


6.3 Қаратау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.3-сур., 6.3-кесте).

6.3- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Тамды әулие, №130	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкірттісутегі, аммиак



6.3-сурет. Қаратау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.3-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі *көтеріңкі* болып бағаланды, СИ=4 және ЕЖҚ=2% (PM-2,5 қалқыма бөлшектерімен №1 бекет аумағында) анықталды (1,2- сур.).

Озонның (жербеті) орташа шоғырлары – 2,8 ШЖШ_{о.т.}, PM-2,5 қалқыма бөлшектері – 1,1 ШЖШ_{м.б.}, PM-10 қалқыма бөлшектері – 1 ШЖШ_{м.б.} басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлары РМ-2,5 қалқыма бөлшектері – 4,3 ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 2,6 ШЖШ_{м.б.}, озон – 1,1 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


6.4 Шу қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.4-сур., 6.4-кесте).

6.4- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Шу қалалық ауруханасының маңында	РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, озон (жербеті), күкірттісутегі



6.4-сурет. Шу қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.4-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі жоғары болып бағаланды, СИ=8 (озон бойынша №1 обекет аумағында), ЕЖҚ=14% анықталды (1,2- сур.).

БҚ 52.04.667-2005 келісілгендей, егер СИ және ЕҚ әр түрлі градацияға сәйкес келегенде, атмосфералық ауаның ластану деңгейі ең жоғарғы көрсеткішпен есептелінеді.

PM-2,5 қалқыма бөлшектер орташа шоғырлары– 1,7 ШЖШ_{о.т.}, PM-10 қалқыма бөлшектер – 1,3 ШЖШ_{о.т.}, озон – 3 ШЖШ_{о.т.}, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлары PM-2,5 қалқыма бөлшектері – 4,4 ШЖШ_{м.б.}, PM-10 қалқыма бөлшектері – 2,8 ШЖШ_{м.б.}, озон(жербеті) – 8,3 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


6.5 Қордай кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.5-сур., 6.5-кесте).

6.5 - кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Жібек жолы көшесі, №496«А»	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкірттісутек, аммиак



6.5-сурет. Қордай кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.5-сур.) атмосфералық ауаның жалпы ластану деңгейі төмен болып бағаланды, СИ=1 және ЕЖҚ=0% анықталды (1,2- сур.).

Озонның (жербеті) орташа шоғырлары – 1,9 ШЖШ_{от.}, басқа ластануы заттар ШЖШ-дан аспады.

Ластануы заттардың максималды-бірлік шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

6.6 Жамбыл облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 3 метеостанцияда (Нұрлыкент, Тараз, Төле би) алынған жаңбыр суына сынама алумен (6.6-сурет) жүргізілді.

Жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті рұқсат етілген шоғырлардан аспады.

Жауын-шашын сынамаларында гидрокарбонаттар 33,73 %, сульфаттар 19,6 %, хлоридтер 13,0 %, кальций иондары 9,48 % басым болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Тараз МС– 31,32 мг/л, ең азы Нұрлыкент МС 16,21 мг/л белгіленді.

Атмосфералық жауын-шашынның үлесті электр өткізгіштігі 26,2 мкСм/см-ден (Нұрлыкент МС) 52,39 мкСм/см (Тараз МС) дейінгі шекте болды.

Түскен жауын-шашын сынамаларындағы қышқылдық бейтарап және сілтісі аз сипатта болып, 5,94 (Нұрлыкент МС) – 6,35 (Тараз МС) аралығында өзгерді

6.7 Жамбыл облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Жамбыл облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасын бақылау 10 су нысанында жүргізіледі (Талас, Асса, Берікқара, Шу, Ақсу, Қарабалта, Тоқташ, Сарықау өзендері, Тасөткел су қоймасы және Билікөл көлі).

Шу, Талас және Асса өзендерінің бассейн ағындары Қырғызстан Республикасы аумағында іс жүзінде толықтай белгілі нысанға келеді. Ақсу, Қарабалта, Тоқташ өзендері Шу өзенінің тармағы болып келеді.

Талас өзені суының температурасы 2,4-13,0⁰С шегінде, сутектік көрсеткіш 8,0, суда еріген оттегінің шоғыры 10,5 мг/дм³, ОБТ₅ 3,20 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар 1,3 ШЖШ), ауыр металдар (мыс(2+) 1,1 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар 1,2 ШЖШ, мұнай өнімдері 1,2 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Асса өзені суының температурасы 1,6-9,0⁰С шегінде, сутектік көрсеткіш 7,9, суда еріген оттегінің шоғыры 10,4 мг/дм³, ОБТ₅ 1,65 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+) 1,6 ШЖШ, мырыш(2+) 1,1 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Берікқара өзені суының температурасы 6-13⁰С шегінде, сутектік көрсеткіш 8,0, суда еріген оттегінің шоғыры 9,14 мг/дм³, ОБТ₅ 1,74 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс(2+) 1,5 ШЖШ, мырыш(2+) 1,6ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Билікөл көлі суының температурасы 1,8-10⁰С шегінде, сутектік көрсеткіш 7,6, суда еріген оттегінің шоғыры 8,55 мг/дм³, ОБТ₅ 14,5 мг/дм³. Негізгі иондар (магний 1,4 ШЖШ, сульфаттар 6,1 ШЖШ), биогенді заттар (фторидтер 1,7 ШЖШ, жалпы темір 1,1 ШЖШ), ауыр металдар (мыс(2+) 1,3 ШЖШ, мырыш(2+) 1,1 ШЖШ, марганец(2+) 1,5 ШЖШ), органикалық заттар (мұнай өнімдері 1,3 ШЖШ, фенолдар 1,3 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Шу өзені суының температурасы 2,4-12,2⁰С шегінде, сутектік көрсеткіш 7,79, суда еріген оттегінің шоғыры 9,53 мг/дм³, ОБТ₅ 3,14 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар 1,4 ШЖШ), биогенді заттар (нитритті азот 2,1 ШЖШ, жалпы темір 1,8 ШЖШ), ауыр металдар (мыс(2+) 3,8 ШЖШ, мырыш(2+) 1,2 ШЖШ, марганец(2+) 1,3 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Ақсу өзені суының температурасы 1,2-5⁰С шегінде, сутектік көрсеткіш 8,0, суда еріген оттегінің шоғыры 11,6 мг/дм³, ОБТ₅ 2,69 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар 2,2 ШЖШ), биогенді заттар (фторидтер 1,6 ШЖШ, жалпы темір 1,5 ШЖШ), ауыр металдар (мыс(2+) 2,3 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Қарабалта өзені суының температурасы 1,2-6,6⁰С шегінде, сутектік көрсеткіш 8,0, суда еріген оттегінің шоғыры 11,6 мг/дм³, ОБТ₅ 2,81 мг/дм³. Негізгі иондар (магний 1,3 ШЖШ, сульфаттар 4 ШЖШ), биогенді заттар (нитритті азот 1,4 ШЖШ, фторидтер 1,2 ШЖШ, жалпы темір 2 ШЖШ), ауыр металдар (мыс(2+) 3,3 ШЖШ, марганец(2+) 1,8 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар 1,7 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Тоқташ өзені суының температурасы 1,4-6,8⁰С шегінде, сутектік көрсеткіш 7,88, суда еріген оттегінің шоғыры 11,6 мг/дм³, ОБТ₅ 1,57 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар 2,8 ШЖШ), биогенді заттар (нитритті азот 1,7 ШЖШ, жалпы темір 1,8 ШЖШ), ауыр металдар (мыс(2+) 2,3 ШЖШ, марганец(2+) 1,9 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар 1,7 ШЖШ, мұнай өнімдері 1,3 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Сарықау өзені суының температурасы 1,2-8,2⁰С шегінде, сутектік көрсеткіш 7,87, суда еріген оттегінің шоғыры 11,5 мг/дм³, ОБТ₅ 7,51мг/дм³. Негізгі иондар (магний 1,3 ШЖШ, сульфаттар 4,3 ШЖШ), биогенді заттар (нитритті азот 1,9 ШЖШ, фторидтер 1,4 ШЖШ, жалпы темір 3,1 ШЖШ), ауыр металдар (мыс(2+) 6,3 ШЖШ, мырыш(2+) 1,5 ШЖШ, марганец(2+) 4,4 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар 1,7 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Тасөткел су қоймасы суының температурасы 2,8-3,4⁰С шегінде, сутектік көрсеткіш 7,88, суда еріген оттегінің шоғыры 10,6 мг/дм³, ОБТ₅ 2,92 мг/дм³.

Негізгі иондар (сульфаттар 1,2 ШЖШ), биогенді заттар (нитритті азот 1,3 ШЖШ), ауыр металдар (мыс(2+) 4 ШЖШ, марганец(2+) 2,2 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар 1,5 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Барлық су нысандарының сапасы «ластанудың орташа деңгейін» көрсетеді.

2017 жылдың 1 тоқсанымен салыстырғанда – айтарлықтай өзгеріс жоқ.

ОБТ₅ бойынша су сапасы Билікөл көлі - «ластанудың өте жоғары деңгейі»;

Сарықау өзені – «ластанудың жоғары деңгейі»;

Талас және Шу өзендері – «ластанудың орташа деңгейі»;


Асса, Берікқара, Ақсу, Қарабалта, Тоқташ өзендері және Тасөткел су қоймасы – «нормативті таза».

ОБТ₅ бойынша су сапасын 2017 жылғы 1 тоқсанымен салыстырғанда Асса, Берікқара, Шу, Тоқташ, Сарықау өзендері және Биликоль көлі – айтарлықтай өзгермеген; Талас өзені – нашарлаған; Ақсу, Қарабалта өзендері және Тасөткел су қоймасында – жақсарған.

Судағы еріген оттегі барлық су нысандарында «нормативті-таза» жағдайда.

2017 жылдың наурызымен салыстырғанда оттектік көрсеткіші өзгеріссіз.

Облыс аумағында Билікөл көлінде (ОБТ₅) 2 ЖЛ жағдайы тіркелген (5-кесте).



сур. Жамбыл облысы жер үсті су сапасының сипаттамасы

6.8 Жамбыл облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 3 метеорологиялық стансада (Тараз, Төле би, Шығанақ) жүргізіледі (6.8 - сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,11-0,19 мкЗв/сағ.

шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,16 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін нормаға сәйкес келеді.

6.9 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 3 метеорологиялық станцияда (Тараз, Төле би, Шығанақ) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (6.8-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 1,0-4,0 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,5 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



6.8 – сурет. Жамбыл облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.


7 Батыс Қазақстан облысының қоршаған орта жай-күйі

7.1 Орал қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3 стационарлық бекетте жүргізілді (7.1-сур., 7.1-кесте).

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	№1 өрт сөндіру бөлімінің маңы (Гагарин көшесі, №25 үйдің ауданы)	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, аммиак, көмір сутегісінің сомасы, метан
3			Киров атындағы саябақтың маңы (Даумов көшесі)	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, көмір сутегісінің сомасы, метан
5			Мұхит көшесі («Мирлан» базарының ауданы)	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак



7.1-сурет. Орал қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі *көтеріңкі* болып бағаланды, СИ=2 (көтеріңкі деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) (№ 5-бекет аумағында) көміртегі оксидімен анықталды (1,2-сур.).

БҚ 52.04.667-2005 келісілгендей, егер СИ және ЕҚ әр түрлі градацияға сәйкес келегенде, атмосфералық ауаның ластану деңгейі ең жоғарғы көрсеткішпен есептелінеді.

Орташа шоғырлар ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлары көміртегі оксиді – 1,94 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 1,66 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

7.2 Орал қаласының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Орал қаласында атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде (№1 нүкте – «Пластик» зауытының ауданы, Шолохов және Штыбкөшелері; №2 нүкте – «Конденсат» АҚ ауданы, Шаған өз. арқылы көпір ауданы) жүргізілді.

PM-10 қалқыма бөлшектерінің, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, күкіртті сутегінің, көмір сутегі сомасының, аммиактың, бензолдың және формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

Бақылау негіздері бойынша барлық ластаушы заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырдан аспады (7.2-кесте).

7.2-кесте

Орал қаласының бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың
максималды шоғыры

Анықталатын қоспалар	№1 нүкте		№2 нүкте	
	q _м мг/м ³	q _н /ШЖШ	q _м мг/м ³	q _н /ШЖШ
PM-10 қалқыма бөлшектері	0,0854	0,2846	0,0664	0,2213
Күкірт диоксиді	0,0142	0,0284	0,0123	0,0246
Көміртегі оксиді	1,7669	0,35338	2,431	0,4862
Азот диоксиді	0,0605	0,3025	0,0199	0,0995
Азот оксиді	0,0245	0,06125	0,0272	0,068
Күкіртті сутегі	0,0025	0,3125	0,002	0,25
Көмір сутегі сомасы	22,7960	-	22,081	-
Аммиак	0,0678	0,339	0,0191	0,0955
Формальдегид	0	0	0	0
Бензол	0,0782	0,2606	0,0863	0,2876

7.3 Ақсай қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (7.2-сур., 7.3-кесте).

7.3- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
--------------	----------------	-----------------	------------------	----------------------

2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Утвинская көшесі, 17	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, аммиак, көмір сутегісінің сомасы, метан
---	-------------------	-------------------	----------------------	--



7.2-сурет. Ақсай қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.2-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі жоғары болып бағаланды, СИ=6(жоғары деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) анықталды (1,2-сур.).

БҚ 52.04.667-2005 келісілгендей, егер СИ және ЕҚ әр түрлі градацияға сәйкес келегенде, атмосфералық ауаның ластану деңгейі ең жоғарғы көрсеткішпен есептелінеді.

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Максималды-бірлік шоғырлары азот оксиді – 2,27 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 6,11 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады

7.4 Березовка кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (7.3-сур., 7.4-кесте).

7.4- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
--------------	----------------	-----------------	------------------	----------------------

7	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Тупиковая көшесі, 1/6	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, азот диоксиді, азот оксиді
---	-------------------	-------------------	-----------------------	---



7.3-сурет. Березовка кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.3-сур.) атмосфералық ауаның жалпы ластану деңгейі төмен болып бағаланды, ЕЖҚ=0% және СИ=1 анықталды (1,2-сур.).

Орташа айлық және максималды-бірлік шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).


7.5 Январцево кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (7.4-сур., 7.5-кесте).

7.5- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
6	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Январцево а.	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкірттісутегі, аммиак



7.4-сурет. Январцево кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.4-сур.) атмосфералық ауасының жалпы ластану деңгейі төмен болып бағаланды, СИ=1 және ЕЖҚ= 0% көрсеткіштерімен анықталды (1, 2-сур.).

Орташа айлық және максималды-бірлік шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

7.6 Январцево кентінің эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Январцево кентінде атмосфералық ауаның ластануына бақылау (*Чинарево кенорнының ауданына жақын*) жүргізілді.

PM-10 қалқыма бөлшектерінің, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, күкірттісутектің, көмір сутегі сомасының, аммиактың, бензолдың және формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

Бақылау негіздері бойынша барлық ластаушы заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырдан аспады (7.6-кесте).

7.6-кесте

Январцево кентінің бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Анықталатын қоспалар	Сынама нүктесі	
	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
PM-10 қалқыма бөлшектері	0,0589	0,19
Күкірт диоксиді	0,0091	0,018
Көміртегі оксиді	1,1013	0,22

Азот диоксиді	0,0157	0,07
Азот оксиді	0,0095	0,023
Күкіртті сутегі	0,0016	0,2
Көмір сутегі сомасы	21,115	-
Аммиак	0,0393	0,19
Формальдегид	0	0
Бензол	0,0221	0,07

7.7 Батыс Қазақстан облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 4 метеостанцияда (Ақсай, Жалпақтал, Каменка, Орал) алынған жаңбыр суына сынама алумен (7.5-сурет) жүргізілді.


Жауын-шашын құрамында кадмидың шоғыры 2,04 ШЖШ құрды, басқа анықталатын заттардың шоғырлары шекті рұқсат етілген шоғырлардан аспады.

Жауын-шашын сынамаларында гидрокарбонаттар 37,47 %, сульфаттар 20,46 %, хлоридтер 11,13 %, кальций иондары 9,01 % , натрий 8,12% басым болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Жалпақтал МС –79,34 мг/л, ең азы Ақсай МС 59,55 мг/л белгіленді.

Атмосфералық жауын-шашынның үлесті электр өткізгіштігі 108,13 мкСм/см-ден (Ақсай МС) 131,48 мкСм/см (Жалпақтал МС) дейінгі шекте болды.

Түскен жауын-шашын сынамаларындағы қышқылдық сілтiсi аз сипатта болып, 6,369167 (Ақсай МС) – 6,7425 (Орал МС) аралығында өзгерді.



7.5- сурет. Батыс Қазақстан облысы аумағындағы атмосфералық жауын-шашын мен қар жамылғысын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

7.8 Батыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Батыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті суларының ластануын бақылау 9 су нысанында жүргізілді: Жайық, Шаған, Деркөл, Елек, Шыңғырлау, Сарыөзен, Қараөзен өзендері, Көшім арнасы, Шалқар көлінде.

Жайық өзен суының температурасы 0,1-02°С, сутегі көрсеткіші 7,36, судағы еріген оттегі концентрациясы – 7,43 мг/дм³, ОБТ₅ - 2,17 мг/дм³. Биогенді заттар (нитритті азот – 1,8 ШЖШ, жалпы темір- 2,0 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асуы байқалды.

Шаған өзенінде су температурасы 0,1-03 °С, сутегі көрсеткіші 7,42, судағы еріген оттегі концентрациясы – 7,18 мг/дм³, ОБТ₅ 2,29 мг/дм³. Биогенді заттар (нитритті азот – 1,9 ШЖШ, жалпы темір – 1,9ШЖШ) бойынша нормадан асуы тіркелген.

Деркөл өзенінде су температурасы 0,1 °С, сутегі көрсеткіші 7,48, судағы еріген оттегі концентрациясы – 7,72 мг/дм³, ОБТ₅- 2,47 мг/дм³. Негізгі иондар (магний – 1,2 ШЖШ), биогенді заттар (нитритті азот – 2,3 ШЖШ, жалпы темір – 2,8 ШЖШ) бойынша нормадан асуы тіркелген.

Елек өзенінде су температурасы 0,1°С, сутегі көрсеткіші 7,36, судағы еріген оттегі концентрациясы – 6,08 мг/дм³, ОБТ₅- 1,92 мг/дм³. Биогенді заттар (нитритті азот – 1,4 ШЖШ) бойынша нормадан асуы тіркелген.

Шыңғырлау өзенінде су температурасы 0,1 °С, сутегі көрсеткіші 7,43, судағы еріген оттегі концентрациясы – 5,76 мг/дм³, ОБТ₅- 2,83 мг/дм³. Негізгі иондар (хлоридтер – 1,1 ШЖШ, магний – 1,9 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір – 3,1 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асуы байқалды.

Сарыөзен өзенінде су температурасы 0,1 °С, сутегі көрсеткіші 7,62, судағы еріген оттегі концентрациясы – 5,28 мг/дм³, ОБТ₅- 2,16 мг/дм³. Негізгі иондар (магний-1,2 ШЖШ), биогенді заттар (нитритті азот – 2,1 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асуы байқалды.

Қараөзен өзенінде су температурасы 0,1 °С, сутегі көрсеткіші 7,58, судағы еріген оттегі концентрациясы – 5,12 мг/дм³, ОБТ₅- 2,07 мг/дм³. Негізгі иондар (хлоридтер – 1,1 ШЖШ, магний – 1,8 ШЖШ), биогенді заттар (нитритті азот – 2,1 ШЖШ) бойынша нормадан асуы тіркелген.

Көшім арнасында су температурасы 0,1°С, сутегі көрсеткіші 7,63, судағы еріген оттегі концентрациясы – 5,12 мг/дм³, ОБТ₅- 1,92 мг/дм³. Биогенді заттар (нитритті азот – 1,4 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асуы байқалды.


Шалқар көлінде су температурасы 0,1 °С, сутегі көрсеткіші 7,54, судағы еріген оттегі концентрациясы – 9,60 мг/дм³, ОБТ₅- 3,12 мг/дм³. Негізгі иондар (хлоридтер -5,8 ШЖШ, магний – 8,7 ШЖШ), биогенді заттар (нитритті азот – 2,7 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асуы байқалды.

Батыс Қазақстан облысы аумағындағы Жайық, Шаған, Деркөл, Елек, Шыңғырлау, Сарыөзен, Қараөзен өзендері, Көшім арнасында су сапасы «ластанудың орташа деңгейінде», ал Шалқар көлінде «ластанудың жоғары деңгейінде» деп бағаланды (7.6 сур).

2017 жылғы 1 тоқсанмен салыстырғанда Жайық, Шаған, Деркөл, Елек, Шыңғырлау, Сарыөзен, Қараөзен өзендерінде, Көшім арнасы мен Шалқар көлінде су сапасы айтарлықтай өзгерген жоқ.

Оттегіні 5 тәулікте химиялық тұтыну шамасы бойынша су сапасы Шалқар көлінде «ластанудың орташа деңгейінде», ал Жайық, Шаған, Деркөл, Елек, Шыңғырлау, Қараөзен, Сарыөзен өзендері, Көшім арнасында су сапасы «нормативті таза» деп бағаланды.

2017 жылғы 1 тоқсанмен салыстырғанда ОБТ₅ көрсеткіші бойынша су сапасы Елек, Сарыөзен өзендерінде жақсарған, ал қалған өзендерде су сапасы өзгермеген (4-кесте).



7.6 сур. Батыс Қазақстан облысы жер үсті сулары сапасының сипаттамасы

7.9 Батыс Қазақстан облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 2 метеорологиялық стансада (Орал, Тайпақ) және Орал қаласының (№2, №3 ЛББ), Ақсай (№4 ЛББ) Автоматты бекетінде бақылау жүргізіледі (7.7 - сур.).


Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,04-0,23 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,10 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін нормаға сәйкес келеді.

7.10 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 2 метеорологиялық станцияда (Орал,

Тайпак)ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (7.7-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,8-3,5 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,3 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



7.7 – сурет. Батыс Қазақстан облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

8 Қарағанды облысының қоршаған орта жай-күйі

8.1 Қарағанды қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 7 стационарлық бекетте жүргізілді (8.1-сур., 8.1-кесте).

8.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 4 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	аэрологиялық станса («Городской» әуежай ауданы)	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол
3	тәулігіне 3 рет		Ленин көшесі мен Бұқар-Жырау даңғылы 1 бұрышы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді,

				азот диоксиді, формальдегид
4			Бирюзов көшесі, 15 (жаңа Майқұдық)	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол, формальдегид
7			Ермеков көшесі, 116	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, фенол
5	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Мұқанов көшесі, 57/3	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді
6			қалалық әкімдік (ескі әуежай ауданы)	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді,
8			аурухана ауданы (Пришахтинск шағын ауданы)	озон (жербеті), күкірттісутегі, аммиак



8.1-сурет. Қарағанды қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **өте жоғары** болып бағаланды, СИ=21 анықталды (1,2-сур.). Қала ауасы (№8 бекет аумағында) РМ-2,5 қалқыма бөлшектермен басым ластанған.

* 2018 жылғы 7,8,18,19,28-31 қаңтарда, 1,2,8,11,17,18,20,23 ақпанда және 15,31 наурызда №8 автоматты бекеттің бақылау мәліметі бойынша РМ-2,5 қалқыма бөлшектер бойынша 10,0 - 20,8 ШЖШ аралығында, 29 қаңтарда №8 автоматты бекеттің бақылау мәліметі бойынша РМ-10 қалқыма бөлшектер бойынша 11,1 ШЖШ атмосфералық ауаның жоғары ластану (ЖЛ) 98 жағдайлары анықталды (2-кесте).

* БҚ 52.04.667-2005 сәйкес, СИ>10 болса, ең болмаса біреу бақылау мерзімінен СИ 10-нан көп болған кезде, ЕЖҚ орнына күндер саны анықталады.

Жалпы қала бойынша орташа айлық шоғырлар қалқыма бөлшектер (шаң) бойынша 1,0 ШЖШ_{о.т.}, РМ-2,5 қалқыма бөлшектер бойынша 4,2 ШЖШ_{о.т.}, РМ-10 қалқыма бөлшектер – 2,3 ШЖШ_{о.т.}, көміртегі оксиді – 1,1 ШЖШ_{о.т.}, азот диоксиді – 1,3 ШЖШ_{о.т.}, фенол- 2,2 ШЖШ_{о.т.}, формальдегид – 1,1 ШЖШ_{о.т.}, басқа ластанушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлары РМ-2,5 қалқыма бөлшектері (шаң) –1,6 ШЖШ_{м.б.}, РМ-2,5 қалқыма бөлшектері – 20,8 ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 11,1 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді –5,5 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 1,1 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 6,3 ШЖШ_{м.б.}, фенол – 1,3 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

8.2 Қарағанды қаласының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Қарағанды қаласында атмосфералық ауаның ластануына бақылау 1 нүктеде (*№1 нүкте – Пришахтинск ауданы*) жүргізілді.

Қалқымабөлшектерінің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, күкірттісутектің, көмір сутегі сомасының, аммиактың, фенолдың және формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

Күкіртті сутегінің шоғыры 1,5 ШЖШ_{м.б.} құрады, фенолдың шоғыры – 1,0 ШЖШ_{м.б.} құрады.

Бақылау деректері бойынша қалған анықталатын заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (8.2-кесте).

8.2-кесте

Қарағанды қаласының бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың
максимальды шоғыры

Анықталатын қоспалар	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
Қалқыма бөлшектері (шаң)	0,07	0,14
Күкірт диоксиді	0,011	0,02
Көміртегі оксиді	2,8	0,56
Азот диоксиді	0,022	0,110
Азот оксиді	0,022	0,06
Күкіртті сутегі	0,012	1,5
Фенол	0,010	1,0
Көмір сутегі сомасы	62,2	
Аммиак	0,097	0,49
Формальдегид	0,0	0,0

8.3 Шахтинск қаласының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Шахтинск қаласында атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде (*№1 нүкте – Шахтинск ЖЭО, Парковая мен Құсайынова көшелерінің қиылысы, №2 нүкте- Қазақстандық шахтасы, 3-құрылыс тұйық көшесі және Гагарин көшесімен қиылысады*) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, күкіртті сутегінің, көмір сутегі сомасының, аммиактың, фенолдың және формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

1 және 2 - нүктелерде күкіртсутегі шоғыры сәйкесінше 1,13 және 1,6 ШЖШ_{м.б.}, фенол –1,5 және 1,2 ШЖШ_{м.б.} құрады.

Бақылау деректері бойынша қалған анықталатын заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (8.3-кесте).

8.3-кесте

Шахтинск қаласының бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың
максимальды шоғыры

Анықталатын қоспалар	№1		№2	
	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ

Қалқыма бөлшектері (шаң)	0,07	0,14	0,08	0,16
Күкірт диоксиді	0,015	0,03	0,12	0,24
Көміртегі оксиді	2,8	0,56	2,8	0,56
Азот диоксиді	0,027	0,14	0,025	0,13
Азот оксиді	0,022	0,06	0,026	0,07
Күкіртті сутегі	0,009	1,13	0,013	1,6
Фенол	0,015	1,5	0,012	1,2
Көмір сутегі сомасы	59,3		61,0	
Аммиак	0,097	0,49	0,093	0,47
Формальдегид	0,0	0,0	0,0	0,0


8.4 Балқаш қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (8.2-сур., 8.4-кесте).

8.4- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар	
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Сәбитов ш-а (№ 6 ОМ маңы)	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді	кадмий, мыс, күшән, қорғасын, мырыш
3			Ленин мен Әлімжанов көшелерінің бұрышы		
4			Киров көшесі (аурухана қалашығы)		
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Ленин көшесі, 10 үйден оңтүстікке қарай	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкірттісутегі, аммиак	



8.2-сурет. Балқаш қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.2 сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **өте жоғары** болып бағаланды, СИ=10 (өте жоғары деңгей) анықталды (1,2-сур.). Қала ауасы (№2-бекет аумағында) **күкіртті сутегімен** басым ластанған.

* 2018 жылғы 28 ақпанда №2 автоматты бекеттің бақылау мәліметі бойынша РМ-2,5 қалқыма бөлшектер бойынша 10,5 ШЖШ атмосфералық ауаның жоғары ластану (ЖЛ) 1 жағдайы анықталды (2-кесте).

* БҚ 52.04.667-2005 сәйкес, СИ>10 болса, ең болмаса біреу бақылау мерзімінен СИ 10-нан көп болған кезде, ЕЖҚ орнына күндер саны анықталады.

Жалпы қала бойынша орташа айлық шоғырлар озон (шаң) – 1,1 ШЖШ_{о.т.}, қорғасын – 8,08 ШЖШ_{о.т.}, басқа ауыр металдардың және ластаушы заттар концентрациясы ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлары күкірт диоксиді – 4,5 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 7,1 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 3,6 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 10,5 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

8.5 Балқаш қаласының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Балқашқаласында атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде (№1 нүкте –17 орамы, "Фудмарт" дүкені ауданы,; №2 нүкте – Рабочий кенті, Жезқазған көш., «Ұшақ» ескерткіші ауданы; №3 нүкте – «Балқаш-1» станциясы) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң), аммиактың, бензолдың, азот диоксидінің, азот оксидінің, көміртегі оксидінің, көміртегі диоксидінің, күкіртті сутегінің, көмір сутегі сомасының, озонның, хлор сутегінің шоғырлары өлшенді.

Барлық анықталатын ластаушы заттардың шоғырлары бақылау деректері бойынша шекті жол берілген шоғырдан аспады (8.5-кесте).

8.5-кесте

Балқаш қаласының бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың
максималды шоғыры

Анықталатын қоспалар	№1		№2		№3	
	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
Аммиак	0,006	0,030	0,006	0,030	0,020	0,100
Бензол	0,03	0,10	0,04	0,13	0,03	0,10
Қалқыма бөлшектері (шаң)	0,03	0,06	0,04	0,08	0,04	0,08
Азот диоксиді	0,003	0,006	0,002	0,004	0,020	0,040
Азот оксиді	0,003	0,015	0,003	0,015	0,004	0,020
Көміртегі оксиді	0,004	0,010	0,003	0,008	0,003	0,008
Көміртегідиоксиді	2,42	0,48	2,63	0,53	1,73	0,35
Күкіртті сутегі	552,0		699,0		693,0	
Көмір сутегі сомасы	0,0009	0,1125	0,0005	0,0625	0,0005	0,0625
Озон	19,0		11,3		19,1	
Хлор сутегі	0,006	0,038	0,006	0,038	0,005	0,031


8.6 Жезқазған қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3 стационарлық бекетте жүргізілді (8.3-сур., 8.6-кесте).

8.6- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Сарыарқа көшесі, тоқыма фабрикасының ауданы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол
3			Жастар көшесі, 6 (Металлургтар алаңы)	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	М.Жамиля көшесі, 4а/1	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербегі), күкірттісутегі, аммиак



8.3-сурет. Жезқазған қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.3 сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **өте жоғары** болып бағаланды, ЕЖҚ=56%, СИ=10 анықталды (1,2-сур.). Қала ауасы (№ 1-бекеттің аумағында) **күкіртті сутегімен басым** ластанған.

Жалпы қала бойынша орташа айлық шоғырлар қалқыма бөлшектер (шаң) – 1,0 ШЖШ_{0.т.}, озон (жербеті) – 1,9 ШЖШ_{0.т.}, фенол–2,0 ШЖШ_{0.т.}, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлары қалқыма бөлшектер (шаң) – 1,6 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді – 3,0 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 1,4 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 1,5 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 9,9 ШЖШ_{м.б.}, фенол – 2,6 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).


8.7 Саран қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (8.4-сур., 8.7-кесте).

8.7- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
7	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Саран көшесі, 28а, орталық аурухана аумағында	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді



8.4-сурет. Саран қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.4 сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, СИ=2 және ЕЖҚ=2% анықталды (1,2-сур.). Қала ауасы **азот диоксидімен** басым ластанған.

Жалпы қала бойынша орташа айлық шоғырлар ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлары РМ-2,5 қалқыма бөлшектері –1,9 ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 1,6 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 2,4 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

8.8 Теміртау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (8.5-сур., 8.8-кесте).

8.8- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
3	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Дмитров көшесі,212 және Степан Рамзин көшесі	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі, фенол, аммиак
4			6-шағынаудан Амангелді/ Теміртау көшелері	
5			3 «а» шағынауданы (құтқару стансасының ауданы)	
2	әр 20 минут	үзіліссіз режимде	Фурманов көшесі, 5	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді,

	сайын			көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі, аммиак, формальдегид, көмір сутегісінің сомасы, метан
--	-------	--	--	--



8.5-сурет. Теміртау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.5-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **жоғары** болып бағаланды, СИ=7 күкірт диоксидімен №2-бекет аумағында (Фурманов көшесі, 5) және ЕЖҚ=35% фенолмен №5-бекет аумағында (3«а»шағынауданы (құтқару стансасының ауданы) анықталды (1,2-сур.).

Жалпы қала бойынша орташа айлық шоғырлар қалқыма бөлшектер (шаң) – 1,6 ШЖШ_{о.т.}, күкірт диоксиді - 1,3 ШЖШ_{о.т.}, фенол – 3,0 ШЖШ_{о.т.}, аммиак – 1,2 ШЖШ_{о.т.}, басқа ластаушы заттар – ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлары қалқыма бөлшектер (шаң) бойынша – 2,4 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді – 6,6 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 2 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 1,3 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді – 1,7 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 5 ШЖШ_{м.б.}, фенол – 4,9 ШЖШ_{м.б.}, аммиак – 1,4 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

8.9 2018 жылғы ақпанына Топар кентінің эпизодтық бақылаулар мәліметі бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Топар кентінде ауаның ластануына бақылау 1 нүктеде жүргізілді (№1 нүкте - Мира мен Сарыарқа көшесінің қиылысында).

Өлшенген бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртсутегі, бензол, С₁-С₁₀ көмірсутектері, аммиак, хлорлы сутегі, озон (жербеті) шоғыры өлшенеді.

Күкіртті сутегінің максималды бір реттік шоғыры – 1,63 ШЖШ_{м.б}, бензол – 1,62 ШЖШ_{м.б}, көміртегі оксиді – 3,7 ШЖШ_{м.б} құрады, бақылаулар нәтижесі бойынша басқа анықталатын заттардың шоғыры рұқсат етілген норма шегінен аспады (8.4-кесте).

Топар кентінің бақылау мәліметі бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Анықталатын қоспа	q _м мг/м ³	q _м /ШЖШ _{м.б}
Өлшенген бөлшектер (шаң)	0,07	0,14
Күкірт диоксиді	0,015	0,03
Көміртегі оксиді	18,3	3,7
Азот диоксиді	0,03	0,14
Азот оксиді	0,03	0,07
Күкіртті сутегі	0,013	1,63
Бензол	0,486	1,62
С ₁ -С ₁₀ көмірсутектері	68	
Аммиак	0,10	0,49
Озон (жербеті)	0,027	0,17
Хлорлы сутегі	0,005	0,025

8.10 Қарағанды облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 4 метеостанцияда (Балқаш, Жезқазған, Қарағнды, Қарағанды ауыл-шаруашылық сынақ станциясы (АШСС)) алынған жаңбыр суына сынама алумен (8.6-сурет) жүргізілді.

Жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары кадмийді қоспағанда, шекті жол берілген шоғырлардан аспады.


Кадмийдің шоғыры Қарағанды (АШСС)-2,22 ШЖШ, Жезқазған МС – 1,13 ШЖШ құрады.

Жауын-шашын сынамаларында гидрокарбонаттар 71,2 %, сульфаттар 62,7 %, хлоридтер 20,3 %, нитраттар 6,0 %, кальций иондары 25,1 %, натрий иондары 12,2%, магний иондары 12,3%, калий иондары 6,1% басым болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Жезқазған МС – 101,16 мг/л, ең азы Қарағанды МС 31,19 мг/л белгіленді.

Атмосфералық жауын-шашынның үлесті электр өткізгіштігі Қарағанды облысының аумағында 45,13 мкСм/см-ден (Балқаш МС) 174,16 мкСм/см (Жезқазған МС) дейінгі шекте болды.

Түскен жауын-шашын сынамаларындағы қышқылдық сілтісі аз сипатта болып, 6,1 (Балқаш МС) – 6,62 (Қарағанды (АШСС) МС) аралығында өзгерді.



8.6- сурет. Қарағанды облысы аумағындағы атмосфералық жауын-шашын мен қар жамылғысын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

8.11 Қарағанды облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Қарағанды облысындағы жер үсті суларының ластануын бақылау 7 нүсанында жүргізілді: Нұра, Шерубайнұра, Соқыр, Қара Кеңгір өзендері, Самарқан, Кеңгір су қоймалары, Ертіс-Қарағанды арығы.

Нұра өзені Керегетас тауларынан бастау алып, үлкен Теңіз көлімен қосылып жатқан Қорғалжын көлдері жүйесіне құяды. Өзен бастауын Қарағанды облысы аумағынан алып, Ақмола облысы арқылы ағып өтеді. Нұра өзенінде Самарқан суқоймасы орналасқан. Шерубайнұра өзені – Нұра өзенінің оң жақ жағалауында саласы. Кеңгір суқоймасы Қара Кеңгір өзенінде орналасқан, бұл өзен – Сарысу өзенінің оң жақ саласы болып табылады.

Нұра өзені: су температурасы 0,1– 3,6°C шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,99, судағы еріген оттегі концентрациясы – 9,90 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,17 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар – 2,9 ШЖШ, магний-1,4 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір – 1,7 ШЖШ, фториттер – 1,2 ШЖШ), ауыр металдар (марганец (2+) – 7,7 ШЖШ, мырыш (2+) – 2,0 ШЖШ, мыс (2+) – 3,3), органикалық заттар (фенол – 1,3 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың орташа концентрациясы 0,00006 мг/дм³, ең үлкен концентрациясы – 0,00011 мг/дм³.

Самарқан су қоймасында: су температурасы – 0,1-0,2°C шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,07, судағы еріген оттегі концентрациясы 9,49 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,86 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар – 2,7 ШЖШ, магний – 1,4 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір – 1,5 ШЖШ, фториттер – 1,2 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 3,3 ШЖШ, мырыш (2+) – 2,5 ШЖШ, марганец (2+) – 4,6 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды.

Жалпы сынаптың орташа концентрациясы $0,00003 \text{ мг/дм}^3$, ең үлкен концентрациясы – $0,00005 \text{ мг/дм}^3$.

Кеңгір су қоймасыда су температурасы $-1,0 - 2,2^\circ\text{C}$, сутегі көрсеткіші $7,59$, судағы еріген оттегі концентрациясы – $13,53 \text{ мг/дм}^3$, ОБТ_5 – $1,18 \text{ мг/дм}^3$. Негізі иондар (сульфаттар – $2,4$ ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір – $1,2$ ШЖШ, фториттер – $1,1$ ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – $4,3$ ШЖШ, марганец (2+) – $5,9$ ШЖШ, мырыш (2+) – $1,4$ ШЖШ), органикалық заттар (мұнай өнімдері – $1,9$ ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері $0,00001 \text{ мг/дм}^3$ аз болды.

Қара Кеңгір өзенінде су температурасы $1,4 - 5,4^\circ\text{C}$ шегінде, сутегі көрсеткіші $7,14$, судағы еріген оттегі концентрациясы $10,06 \text{ мг/дм}^3$, ОБТ_5 – $2,91 \text{ мг/дм}^3$. Негізі иондар (сульфаттар – $3,9$ ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – $10,3$ ШЖШ, жалпы темір – $2,5$ ШЖШ, фториттер – $1,6$ ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – $7,3$ ШЖШ, мырыш (2+) – $1,7$ ШЖШ, марганец (2+) – $7,7$ ШЖШ), органикалық заттар (мұнай өнімдері – $2,7$ ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері $0,00002 \text{ мг/дм}^3$ болды.

Соқыр өзені: су температурасы $0,1^\circ\text{C}$ деңгейінде болды, сутегі көрсеткіші $7,75$, судағы еріген оттегі концентрациясы – $9,53 \text{ мг/дм}^3$, ОБТ_5 – $2,46 \text{ мг/дм}^3$. Негізі иондар (сульфаттар – $3,8$ ШЖШ, магний – $1,8$ ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – $34,2$ ШЖШ, нитритті азот – $13,3$ ШЖШ, нитратты азот – $1,2$ ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – $4,8$ ШЖШ, мырыш (2+) – $2,4$ ШЖШ, марганец (2+) – $9,6$ ШЖШ), органикалық заттар (фенол – $3,0$ ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері $0,00002 \text{ мг/дм}^3$ болды.

Шерубайнұра өзені: су температурасы $0,1 - 0,2^\circ\text{C}$ шегінде, сутегі көрсеткіші – $7,73$ судағы еріген оттегі концентрациясы – $8,13 \text{ мг/дм}^3$, ОБТ_5 – $2,51 \text{ мг/дм}^3$. Негізі иондар (сульфаттар – $3,5$ ШЖШ, магний – $1,7$ ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – $16,7$ ШЖШ, нитритті азот – $13,3$ ШЖШ, нитратты азот – $1,1$ ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – $5,1$ ШЖШ, мырыш (2+) – $3,1$ ШЖШ, марганец (2+) – $9,7$ ШЖШ), органикалық заттар (фенол – $2,3$ ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері $0,00003 \text{ мг/дм}^3$ болды.

Ертіс-Қарағанды арнасы: су температурасы $0,2^\circ\text{C}$ шегінде, сутегі көрсеткіші – $8,05$, судағы еріген оттегі концентрациясы – $10,29 \text{ мг/дм}^3$, ОБТ_5 – $2,57 \text{ мг/дм}^3$. Негізі иондар (сульфаттар – $1,8$ ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір – $1,2$ ШЖШ), ауыр металдар (марганец (2+) – $2,6$ ШЖШ, мыс (2+) – $3,1$ ШЖШ, мырыш (2+) – $1,3$ ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері $0,00001 \text{ мг/дм}^3$ аз болды.

Қарағанды облысы жер үсті суларының су сапасы 2018 жылдың 1 тоқсанында келесі түрде бағаланады:

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Әуезов көшесі, 4 «Г»	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі, көмірсутегісінің сомасы, метан



12.3-сурет. Ақсу қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (12.2-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі *төмен* болып бағаланды, СИ=1(төмен деңгейі) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгейі) (1,2-сур.).

Орташа және максималды-бірлік ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Атмосфералық ауа бойынша жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалған жоқ.

12.5 Павлодар облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 3 метеостанцияда (Ертіс, Павлодар, Екібастұз) алынған жаңбыр суына сынама алумен (12.4-сурет) жүргізілді.

Жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырлардан(ШЖШ) аспады.

Жауын-шашын сынамаларында гидрокарбонаттар 30,85%, сульфаттар 25,86 %, кальций иондары 11,8 %, хлоридтер 11,67%, натрий иондары 7,36 % болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Ертіс МС – 56,62 мг/л, ең азы Екібастұз МС– 26,94 мг/л белгіленді.

Атмосфералық жауын-шашынның үлесті электрөткізгіштігі 45,1 мкСм/см-ден (Екібастұз МС) 93,2 мкСм/см (Ертіс МС) дейінгі шекте болды.

Түскен жауын-шашын қышқылдылығы сілтісі аз сипатта, 6,11 (Екібастұз МС) – 6,46 (Ертіс МС) аралығында болды.



12.4- сурет. Павлодар облысы аумағындағы атмосфералық жауын-шашын мен қар жамылғысын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

12.6 Павлодар облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы


Павлодар облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасын бақылау 2 су нысанында жүргізілді (Ертіс өзені, Усолка өзені).

Ертіс өзені судың температурасы $0,1^{\circ}\text{C}$ - $5,1^{\circ}\text{C}$ шегінде, сутегі көрсеткішінің орташа мәні 7,83, суда еріген оттегінің шоғыры орта есеппен $12,49 \text{ мг/дм}^3$, ОБТ_5 орта есеппен $1,81 \text{ мг/дм}^3$. Ауыр металдар (мыс (2+) 1,6ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Усолка өзені судың температурасы $0,1^{\circ}\text{C}$, сутегі көрсеткішінің орташа мәні 7,90, суда еріген оттегінің шоғыры орта есеппен $13,11 \text{ мг/дм}^3$, ОБТ_5 орта есеппен $2,00 \text{ мг/дм}^3$. Ауыр металдар (мыс (2+) 1,7 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Павлодар облысы аумағындағы су нысандары суының сапасы келесідей бағаланады: «ластанудың орташа деңгейі» – Ертіс өзені, Усолка өзені.

2017 жылғы 1-тоқсанмен салыстырғанда Ертіс, Усолка өзендерінің су сапасы айтарлықтай өзгермеген (4-кесте).



12.5 сур. Павлодар облысы жер үсті сулары сапасының сипаттамасы

12.7 Павлодар облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 7 метеорологиялық стансада (Ақтоғай, Баянауыл, Ертіс, Павлодар, Шарбақты, Екібастұз, Көктөбе) және атмосфералық ауаның ластануына бақылау Павлодар қаласының (№3, №4 ЛББ), Ақсу қаласының (№1 ЛББ), Екібастұз қаласының (№1 ЛББ) 4 автоматты бекетінде бақылау жүргізіледі (12.4 сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні $0,08$ - $0,22 \text{ мкЗв/сағ}$.

шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,13 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін нормаға сәйкес келеді.

12.8 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Павлодар облысының аумағында 3 метеорологиялық станцияда (Ертис, Павлодар, Екібастұз) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (12.4-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,7-4,5 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,2 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



12.6 – сурет. Павлодар облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.


13 Солтүстік Қазақстан облысының қоршаған орта жай-күйі

13.1 Петропавл қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (13.1-сур., 13.1-кесте).

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Ш. Уалиханов көшесі,17	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол, формальдегид
3			Букетов көшесі,16, Казахстанская правда көшесімен қиылысы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол, формальдегид
5	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Парковая көшесі, 57А	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкірттісутегі, аммиак, көміртегі диоксиді
6			Юбилейная көшесі	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, азот диоксиді, азот оксиді, аммиак, көмірсутегісінің сомасы, метан



13.1-сурет. Петропавл қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (13.1 сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **жоғары** болып бағаланды, СИ=5 және ЕЖҚ=14% (көтеріңкі деңгей) анықталды (1, 2-сур.). Қала ауасы №5-бекет аумағында (Парковая көшесі, 57А) күкіртті сутегімен және озонмен басым ластанған.

Жалпы қала бойынша озоннің (жербеті) орташа айлық шоғыры 1,4 ШЖШ_{о.т.}, басқа ластаушы заттар мен ауыр металдардың бар болуы ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлары күкірт диоксиді бойынша – 1,0 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді – 2,1 ШЖШ_{м.б.}, озон (жербеті) – 3,1 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 4,6 ШЖШ_{м.б.}, фенол – 1,7 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

13.2 Солтүстік Қазақстан обласы аумағында эпизодтық деректер бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Солтүстік Қазақстан облысында ауаның ластануына бақылау Тайынша, Саумалкөл, Булаева кенттері және Бескөл ауылында (№1 нүкте-Тайынша к. (Тайынша ауданы), №2 нүкте-Саумалкөл к. (Айыртау ауданы), №3 нүкте-Булаева к. (М. Жұмабаев ауданы), №4 нүкте-Бескөл а. (Қызылжар ауданы) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектерінің (шан), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің шоғырлары өлшенді.

Бақылау негіздері бойынша барлық ластаушы заттардың концентрациясы шекті жол берілген шоғырдан аспады (13.2 кесте).

Солтүстік Қазақстан облысы аудандарының бақылау деректері бойынша
ластаушы заттардың шоғырлары

Анықталатын қоспалар	Сынама нүктелері							
	№1		№2		№3		№4	
	$q_{m\text{мг/м}^3}$	$q_{m\text{ШЖ Ш}}$	$q_{m\text{мг/м}^3}$	$q_{m\text{ШЖ Ш}}$	$q_{m\text{мг/м}^3}$	$q_{m\text{ШЖ Ш}}$	$q_{m\text{мг/м}^3}$	$q_{m\text{ШЖ Ш}}$
Қалқыма бөлшектері (шаң)	0,071	0,47	0,052	0,348	0,049	0,328	0,069	0,46
Күкірт диоксиді	0,023	0,47	0,0087	0,17	0,0089	0,18	0,0667	1,33
Көміртегі оксиді	0,0026	0,006	0,00019	0,005	0,0002	0,005	0,00029	0,0073
Азот диоксиді	1,9986	0,66	1,306	0,44	1,80	0,6	2,47	0,82

13.3 Солтүстік Қазақстан облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау Петропавл метеостанциясында алынған жаңбыр суына сынама алумен (13.2-сурет) жүргізілді.

Петропавл МС жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырлардан аспады.

Жауын-шашын сынамаларында гидрокарбонаттар 14,4 %, хлоридтер 9,29 %, сульфаттар 8,68 % және натрий иондары 5,14 % басым болды.

Ең үлкен жалпы минерализация – 46,94 мг/л, электр өткізгіштік 80,36 мкСм/см құрады. Түскен жауын-шашын сынамалары қышқылдық сілтісі аз сипатта болды (6,4).



13.2- сурет. Солтүстік Қазақстан облысы аумағындағы атмосфералық жауын-шашын мен қар жамылғысын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

13.4 Солтүстік Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы


Солтүстік Қазақстан облысының аумағында жер үсті суларының ластануына бақылау Есіл өзенінде және Сергеевское су қоймасында жүргізілді.

Есіл өзенінде су температурасы 0,2 – 1,0 °С шегінде болды, сутегі көрсеткішінің орташа мәні 7,30, суда еріген оттегінің концентрациясы 10,30 мг/дм³ құрады, ОБТ₅ – 1,85 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар – 1,8 ШЖШ, магний – 1,1 ШЖШ, натрий – 1,2 ШЖШ, калий – 1,3 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір – 1,3 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 1,4 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асу жағдайлары тіркелді.

Сергеевское су қоймасында су температурасы 0,4 – 0,6 °С шегінде болды, сутегі көрсеткіші 7,33, суда еріген оттегінің концентрациясы 8,21 мг/дм³; ОБТ₅ 2,00 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар – 1,3 ШЖШ, калий – 1,2 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 1,8 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асу жағдайлары байқалды.

Есіл өзені мен Сергеевское су қоймасының су сапасы «ластанудың орташа деңгейінде» деп бағаланады.

2017 жылғы 1 тоқсанмен салыстырғанда Есіл өзені мен Сергеевское су қоймасының су сапасы айтарлықтай өзгерген жоқ (4-кесте).



13.3 сур. Солтүстік Қазақстан облысы жер үсті сулары сапасының сипаттамасы

13.5 Солтүстік Қазақстан облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 3 метеорологиялық стансада (Булаево, Петропавл, Сергеевка) бақылау жүргізіледі (13.4 сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,09-0,17 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,12 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін нормаға сәйкес келеді.

13.6 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Солтүстік Қазақстан облысының аумағында 2 метеорологиялық станцияда (Петропавл, Сергеевка) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (13.4-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,8-3,9 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,2 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



13.4 – сурет. Солтүстік Қазақстан облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.


14 Оңтүстік Қазақстан облысының қоршаған орта жай-күйі

14.1 Шымкент қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 6 стационарлық бекетте жүргізілді (14.1-сур., 14.1-кесте).

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар	
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	Абай даңғылы, «Южполиметалл» АҚ	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, формальд егид,	кадмий, мыс, күшән, қорғасын, хром
2			Ордабасы алаңы, Қазыбек би мен Төле би көшелерінің қиылысы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, аммиак, формальдегид	
3			Алдияров көшесі, н/з, «Шымкентцемент» АҚ	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкірттісутегі, формальдегид	
8			Сайрам көшесі, 198, «Пивзавод» ЖАҚ	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкірттісутегі, аммиак, формальдегид	
5	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Самал-3 шағынауданы	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкірттісутегі, аммиак, көмірсутегісінің сомасы, метан	
6			«Нұрсат» шағынауданы		



14.1-сурет. Шымкент қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (14.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі *көтеріңкі* болып бағаланды, ол СИ= 2 көміртег оксиді № 3 бекет аумағында («Шымкентцемент» АҚ), НП= 18% (1,2 сур.) № 6 бекет аумағында («Нұрсат» шағын ауданы) озон (жербеті) бойынша анықталды.

Өлшенген бөлшектердің (шаң) орташа шоғыры – 1,8 ШЖШо.т., өлшенген бөлшектер РМ-2,5– 1,2 ШЖШо.т., өлшенген бөлшектер РМ- 10– 1,1 ШЖШо.т.,азот диоксиді– 1,5 ШЖШо.т., озон (жербеті) – 2,0 ШЖШо.т., формальдегид – 2,0 ШЖШо.т. құрады, басқа ластаушы заттардың ШЖШ - дан аспады.

Көміртегі оксидінің бір реттік максималды шоғыры – 2,2 ШЖШм.б., өлшенген бөлшектер РМ-2,5– 1,06 ШЖШм.б., өлшенген бөлшектер РМ-10 – 1,97 ШЖШм.б., озон (жербеті) – 2,05 ШЖШм.б., құрады, басқа ластаушы заттардың шоғыры ШЖШ-дан аспады (1-кесте).


14.2 Түркістан қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (14.2-сур., 14.2 - кесте).

14.2- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Бекзат ш-а, 5 орам, 2 көше, Метеостанса аумағында	көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді



14.2-сурет. Түркістан қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желілерінің мәліметі бойынша (сурет.14.2),атмосфералық ауаның ластану деңгейін көтеріңкі деп бағаланды, ол ЕЖҚ = 9% өлшенген бөлшектерден, СИ=3 (сур.1,2) күкірттісутегіден анықталды.

*БҚ сәйкес, егер СИ мен ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштерідің ең жоғарғы мәні бойынша бағаланады.

Өлшенген бөлшектерінің максимальды бір реттік шоғыры 1,98 ШЖШм.б. құрады, көміртег оксиді – 2,06 ШЖШм.б., күкіртті сутек – 3,25 ШЖШм.б., азот диоксиді – 1,07 ШЖШм.б. құрады, басқа лаस्ताуыш заттардың концентрациясы ШЖШ-дан аспады (кесте 1).


14.3 Кентау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (14.3-сур., 14.3-кесте).

14.3 - кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Уалиханов көшесі, 3 «А» учаскесі	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10қалқыма бөлшектері, азот диоксиді, азот оксиді, аммиак



14.3-сурет. Кентау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желілерінің мәліметі бойынша (сурет.14.3), атмосфералық ауаның ластану деңгейі жоғары деп бағаланды, ол СИ = 5 (жоғары деңгей) азот оксидінен және ЕЖҚ = 2 % (көтеріңкі деңгей) көміртегі оксиді бойынша анықталды (сурет. 1, 2).

*БҚ сәйкес, егер СИ мен ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні бойынша бағаланады.

Озонның (жербеті) орташа шоғыры 1,45 ШЖШо.т. құрады.

Көміртегі оксидінің максималды бір реттік шоғыры 3,93 ШЖШм.б., азот оксиді – 5,04 ШЖШм.б, азот диоксиді – 3,81 ШЖШм.б., аммиак - 2,85 ШЖШм.б., құрады, басқа ластауыш заттардың концентрациясы ШЖШ-дан аспады (кесте 1).

14.4 Оңтүстік Қазақстан обласы аумағында эпизодтық деректер бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Оңтүстік Қазақстан облысында ауаның ластануына бақылау 2 нүктелерде Тассай кентінде (№1 нүкте – Тұрғын алабы, №2 нүкте – Санитариялық қорғау аймағы) және 2 нүктелерде Састөбекентінде (№1 нүкте – Тұрғын алабы, №2 нүкте – Санитариялық қорғау аймағы) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектерінің (шан), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

№1, №2 нүктелерде көміртегі оксидінің шоғыры 1,3 ШЖШ_{м.б.} құрады.

Бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (14.4 кесте).

14.4-кесте

Оңтүстік Қазақстан облысы аудандарының бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың шоғырлары

Анықталатын қоспалар	Сынама нүктелері			
	№1	№2	№3	№4

	q_m мг/м ³	q_m /ШЖШ	Q_m мг/м ³	Q_m /ШЖШ	Q_m мг/м ³	q_m /ШЖШ	Q_m мг/м ³	q_m /ШЖШ
Қалқыма бөлшектері (шаң)	0,3	0,6	0,4	0,8	0,30	0,6	0,3	0,60
Күкірт диоксиді	0,015	0,030	0,015	0,030	0,014	0,028	0,015	0,03
Көміртегі оксиді	4,0	0,8	2,0	0,4	2,0	0,4	2,0	0,4
Азот диоксиді	0,25	1,3	0,25	1,3	0,10	0,5	0,10	0,5
Формальдегид	0,030	0,6	0,029	0,58	0,029	0,58	0,029	0,58

14.5 Оңтүстік Қазақстан облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы


Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 2 метеостанцияда (Қазығұрт, Шымкент) алынған жаңбыр суына сынама алумен (14.4-сурет) жүргізілді.

Жауын-шашынның сынамаларының құрамында: гидрокарбонаттар 55,52 %, сульфаттар-12,3% - ға, кальций иондарының 15,56 % - ға, натрий иондары 4,39 %, хлоридтер-3,94 %.

Ең жоғары минералдану МБ Қазығұрт – 56,3 мг/л , ең азы МБ Шымкент – 55,1 мг/л көрсетті.

Атмосфералық жауын-шашынның меншікті электрөткізгіштігі МБ Қазығұртта -76,94 мкСм/см, МБ Шымкент – 78,98 мкСм/см құрады.

Әлсізсілтілік ортадағы жауын-шашынның қышқылдығы 6,2 (МБ Шымкент) - 6,99 (МБ Қазығұрт) шегінде болды.



14.4- сурет. Оңтүстік Қазақстан облысы аумағындағы атмосфералық жауын-шашын мен қар жамылғысын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

14.6 Оңтүстік Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Оңтүстік Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті сулары сапасын бақылау 8 су нысанында (Сырдария, Келес, Бадам, Арыс, Ақсу, Бөген, Қатта-бугун өзендері және Шардара су қоймасы) жүргізілді.

Сырдария өзенінде судың температурасы $0,6^{\circ}\text{C}$ – $12,4^{\circ}\text{C}$ шегінде, сутегі көрсеткішінің орташа мәні 8,05, суда еріген оттегінің шоғыры орта есеппен $11,76\text{ мг/дм}^3$, ОБТ₅ орта есеппен $1,43\text{ мг/дм}^3$. Негізгі иондар (сульфаттар 3,9 ШЖШ), биогенді заттар (нитритті азот 1,6 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар 2,7 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Келес өзенінде судың температурасы $3,2^{\circ}\text{C}$ – $8,4^{\circ}\text{C}$ шегінде, сутегі көрсеткішінің орташа мәні 7,98, суда еріген оттегінің шоғыры орта есеппен $12,01\text{ мг/дм}^3$, ОБТ₅ орта есеппен $1,77\text{ мг/дм}^3$. Негізгі иондар (сульфаттар 5,0 ШЖШ, магний 1,6 ШЖШ), ауыр металдар (мыс 1,9 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар 2,7 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Бадам өзенінде судың температурасы $3,4^{\circ}\text{C}$ – $11,2^{\circ}\text{C}$ шегінде, сутегі көрсеткішінің орташа мәні 7,84, суда еріген оттегінің шоғыры орта есеппен $11,13\text{ мг/дм}^3$, ОБТ₅ орта есеппен $1,89\text{ мг/дм}^3$. Негізгі иондар (сульфаттар 2,5 ШЖШ), биогенді заттар (нитритті азот 1,6 ШЖШ), ауыр металдар (мыс 1,4 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар 2,3 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Арыс өзенінде судың температурасы $3,4^{\circ}\text{C}$ – $10,2^{\circ}\text{C}$, сутектік көрсеткіштің орташа мәні 7,57, суда еріген оттегінің шоғыры орта есеппен $11,5\text{ мг/дм}^3$, ОБТ₅ $1,70\text{ мг/дм}^3$. Негізгі иондар (сульфаттар 1,8 ШЖШ) және биогенді заттар (нитритті азот 1,2 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар 2,0 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Ақсу өзені – өзенінде судың температурасы $0,9^{\circ}\text{C}$ – $11,5^{\circ}\text{C}$ шегінде, сутегі көрсеткішінің орташа мәні 7,22, суда еріген оттегінің орташа шоғыры $10,76\text{ мг/дм}^3$, ОБТ₅ орта есеппен $2,32\text{ мг/дм}^3$. Органикалық заттар (фенолдар 1,3 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Бөген өзенінде судың температурасы $0,5^{\circ}\text{C}$ – $7,2^{\circ}\text{C}$, сутектік көрсеткіштің орташа мәні 7,76, суда еріген оттегінің шоғыры орта есеппен $11,6\text{ мг/дм}^3$, ОБТ₅ орта есеппен $1,74\text{ мг/дм}^3$. ШЖШ асу еселігі тіркелмеген.


Қатта-бугун өзенінде судың температурасы $5,3^{\circ}\text{C}$ – $10,8^{\circ}\text{C}$, сутектік көрсеткіштің орташа мәні 7,6, суда еріген оттегінің шоғыры орта есеппен $10,05\text{ мг/дм}^3$, ОБТ₅ орта есеппен $1,27\text{ мг/дм}^3$. ШЖШ асу еселігі тіркелмеген.

Шардара су қоймасы суының температурасы $0,4^{\circ}\text{C}$ – $4,0^{\circ}\text{C}$, сутектік көрсеткіштің орташа мәні 7,61, суда еріген оттегінің шоғыры орта есеппен $11,9\text{ мг/дм}^3$, ОБТ₅ орта есеппен $1,51\text{ мг/дм}^3$. Негізгі иондар (сульфаттар 4,3 ШЖШ, магний 1,2 ШЖШ), биогенді заттар (нитритті азот 1,1 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар 2,0 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Оңтүстік Қазақстан облысы аумағындағы су нысандары суының сапасы келесідей бағаланады: «*нормативты таза деңгейі*» - Бөген және Қатта-бугун өзендері; «*ластанудың орташа деңгейі*» - Сырдария, Келес, Бадам, Арыс, Ақсу өзендері және Шардара су қоймасы тіркелген.

2017 жылдың I тоқсанмен салыстырғанда Сырдария, Келес, Бадам, Арыс, Қатта-бугун және Шардара су қоймасы өзендерінің су сапасы айтарлықтай өзгермеген; Бөген өзені – жақсарған. (4-кесте).

Жер үсті суларының жоғары ластану және экстремалды жоғары ластану жағдайлары тіркелмеген (4-кесте).



14.6 сур. Оңтүстік Қазақстан облысы жер үсті сулары сапасының сипаттамасы

14.7 Оңтүстік–Қазақстан облысы аумағындағы Сырдария өзені бассейні суының түптік шөгінділерінің жай-күйі

Сырдария өзен алабынында 3 бақылау нүктесі бойынша түптік шөгінділер сынамасы алынды (14.4-кесте).

Түптік шөгінділер сынамасында ауыр металдар (қорғасын, кадмий, марганец, мыс, мырыш, никель, хром) мен органикалық заттардан (мұнай өнімдері) талдау жасалды.

Сырдария өзені алабындағы түптік шөгінділерінде ауыр металдардың мөлшері келесі аралықта өзгерген: мыс 0,205-тен 0,377 мг/кг дейін, мырыш 1,81-ден 2,03 мг/кг дейін, хром 0,11-ден 0,20 мг/кг дейін, никель 1,15-ден 1,26 мг/кг дейін, марганец 2,12 – 2,84 мг/кг дейін болды. Мұнай өнімдерінің концентрациясы 122,2-ден 195,2 мг/кг дейінгі аралықта анықталды (14.4-кесте).

**Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша түптік шөгінділерін
2018 жылғы 1-тоқсандағы зерттеу нәтижелері**

№ п/п	Сынама алу орны	Шоғыр, мг/кг							
		Мұнай өнімдері	Мыс	Хром	Кадм ий	Никел ь	Марга нец	Қорғасы н	Мыры ш
1	Сырдария өз., Кокбұлақ а., бекеттен 10,5км к ССБ	151,4	0,346	0,14	0,0	1,22	2,43	0,0	1,99
2	Сырдария өз, Шардара т/б, Шардара су қойм платинсынан 2км төменде.	122,2	0,205	0,11	0,0	1,15	2,12	0,0	1,81
3	Шардара су қоймасы, НЗ-17 по А-219 ден 2,0км жоғары	195,2	0,377	0,20	0,0	1,26	2,84	0,0	2,03

14.8 Оңтүстік Қазақстан облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 2 метеорологиялық стансада (Шымкент, Түркістан) және атмосфералық ауаның ластануына бақылау Түркістан қаласының (№1 ЛББ) 1 автоматты бекетінде бақылау жүргізіледі (14.6 сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,04-0,24 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,12 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін нормаға сәйкес келеді.

14.9 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында 2 метеорологиялық станцияда (Шымкент, Түркістан) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (14.6-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,7-4,0 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,3 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



14.6 – сурет. Оңтүстік Қазақстан облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

Атмосфералық ауаның сапасы: атмосфералық ауа сапасының гигиеналық нормативтерге және атмосфералық ауа сапасының экологиялық нормативтерге оның сәйкестік дәрежесін анықтайтын, атмосфералық ауаның физикалық, химиялық және биологиялық қасиеттерінің жиынтығы.

Бақылау бекеті: Ауа сынамасын алуға арналған құрал – жабдықтармен жабдықталған павильон немесе автомобильді орналастыруға таңдап алынған орын (жергілікті нүкте). Стационарлық бекет - ауа сынамасын алуға арналған аспаптары бар павильонды орналастыру орны. Эпизодтық бақылаулар қаланың әр түрлі нүктелерінде немесе өндірістік кәсіпорыннан әртүрлі қашықтықта атмосфералық ауаның ластану жай-күйін зерттеу үшін жүргізіледі.

Атмосферадағы қоспалардың шекті жол берілген шоғырлары; ШЖШ: Адамға және оның ұрпағына тікелей немесе жанама зиянды әсерін тигізбейтін, олардың қал-жағдайын, еңбекке қабілеттілігін, сондай-ақ адамдардың санитарлық-тұрмыстық жағдайын төмендетпейтін, қоспаның максималды шоғыры. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігімен белгіленеді.

Атмосфераның ластану деңгейі: Атмосфера ластануының сапалық сипаттамасы;

ШЖШ- шекті жол берілген шоғыр;

СЛКИ- судың ластануының кешенді индексі

ЖЛ- жоғары ластану

ЭЖЛ-экстремальді жоғары ластану

ОБТ₅ -5 тәулікке оттегінің биохимиялық тұтынуы

pH – сутегі көрсеткіші

БИ-биотикалық индексі

СИ-сапробтылық индексі

МЕМСТ- мемлекеттік стандарт

СЭС - су электр стансасы

ЖЭС- жылу электр стансасы

ТЭМК- Теміртау электро-металлургиялық комбинаты

ө.-өзен

т.-тармақ

к.-көл

бөген - немесе су қоймасы

су арнасы немесе канал

ШҚО-Шығыс Қазақстан облысы

БҚО-Батыс Қазақстан облысы

ОҚО-Оңтүстік Қазақстан облысы

к.- кент

қ.-қала

а. –ауыл

а.-атындағы

ш.-шатқал

ШЫҒ.-ШЫҒАНАҚ

а.-арал

т.-түбек

с.-солтүстік

о.-оңтүстік

ш.-шығыс

б.-батыс

сур.-сурет

кес.- кесте

Елді-мекен ауасындағы ластаушы заттардың шекті жол берілген шоғырлары
(ШЖШ)

Қоспаның атауы	ШЖШ мәні, мг/м ³		Қауіптілік классы
	максималды бір ретті(ШЖШ _м)	орта-тәуліктік (ШЖШ _{от})	
Азот диоксиді	0,2	0,04	2
Азотоксиді	0,4	0,06	3
Аммиак	0,2	0,04	4
Бенз/а/пирен	-	0,1 мкг/100 м ³	1
Бензол	0,3	0,1	2
Бериллий	0,09	0,00001	1
Қалқыма бөлшектер (шан)	0,5	0,15	3
PM 10 қалқыма бөлшектері	0,3	0,06	
PM 2,5 қалқыма бөлшектері	0,16	0,035	
Хлорлы сутек	0,2	0,1	2
Кадмий	-	0,0003	1
Кобальт	-	0,001	2
Марганец	0,01	0,001	2
Мыс	-	0,002	2
Күшән	-	0,003	2
Озон	0,16	0,03	1
Қорғасын	0,001	0,0003	1
Күкірт диоксиді	0,5	0,05	3
Күкірт қышқылы	0,3	0,1	2
Күкіртті сутек	0,008	-	2
Көміртегі оксиді	5,0	3	4
Фенол	0,01	0,003	2
Формальдегид	0,05	0,01	2
Фторлы сутек	0,02	0,005	2
Хлор	0,1	0,03	2
Хром (VI)	-	0,0015	1
Мырыш	-	0,05	3

«Қалалық және ауылдық елді-мекендердегі атмосфералық ауаға қойылатын гигиеналық нормативтер» (2015 жылғы 28 ақпандағы №168 СанЕН

Атмосфераның ластану индексінің дәрежесін бағалау

градациялар	Дәрежесі		Атмосфера ластануының көрсеткіштері	Бір жылғы бағалау
	атмосфераның ластануы			
I	Төмен		СИ ЕЖҚ, %	0-1 0
II	Көтеріңкі		СИ ЕЖҚ, %	2-4 1-19
III	Жоғары		СИ ЕЖҚ, %	5-10 20-49
IV	Өте жоғары		СИ ЕЖҚ, %	>10 >50

Мемлекеттік органдарды тұрғындар қоғамдастығын ақпараттандыру үшін қалалардың атмосфера ластануының жай-күйі жөніндегі құжат 52.04.667–2005 БҚ. Әзірлеуге, салуға, баяндауға және мазмұндауға қойылатын жалпы талаптар.

Балық шаруашылығы су айдындары үшін зиянды заттардың шекті жол берілген шоғырлары (ШЖШ)

Атауы	ШЖШ,мг/л	Қауіптілік класы
Тұзды аммоний	0,5	
Бор	0,017	2
Темір (2+)	0,005	
Жалпы темір	0,1	
Кадмий	0,005	2
Мыс (2+)	0,001 (табиғи фонына)	3
Күшән	0,05	2
Магний	40,0	
Марганец (2+)	0,01	
Натрий	120,0	
Нитриттер	0,08 (N бойынша 0,02 мг/л)	2
Нитраттар	40,0 (N бойынша 9,1 мг/л)	3
Никель	0,01	
Сынап (2+)	0,00001	
Сульфаттар	100,0	
Фторидтер	0,05 (0,75 соммалық мөлшерінен жоғары емес)	2
Хлоридтер	300	
Хром (6+)	0,02	3
Мырыш	0,01	3
Фенолдар	0,001	4
Мұнай өнімдері	0,05	4

Ескертпе: Балық шаруашылығы су айдындары үшін зиянды заттардың шекті жол берілген шоғырларының (ШЖШ) жалпыланған тізімі. Мәскеу 1990 ж.

Су нысандарын ластану деңгейлері бойынша жалпы топтастыру

№	Ластану деңгейі	Су нысандарының ластануын бағалау көрсеткіштері		
		СЛКИ бойынша	Суда еріген оттегі бойынша, мг/дм ³	ОБТ ₅ бойынша, мг/дм ³
1	Нормативті таза	≤ 1,0	≥ 4,0	≤ 3,0
2	Ластанудың орташа деңгейі	1,1-3,0	3,1-3,9	3,1-7,0
3	Ластанудың жоғары деңгейі	3,1-10,0	1,1-3,0	7,1-8,0
4	Ластанудың өте жоғары деңгейі	≥ 10,1	≤ 1,0	≥ 8,1

*«Гидрохимиялық көрсеткіштер бойынша жер үсті су сапасының кешенді бағалау әдістемелік нұсқаулықтары», Астана, 2012 ж.

Теңіз суындағы заттардың шекті шекті жол берілген шоғырлары (ШЖШ)*

Заттар атауы	Теңіз суы ШЖШ, мг/дм³
Жалпы темір	0,05
Тұзды аммоний	2,9
Мұнай өнімдері	0,05
Марганец	0,05
Мыс	0,005
Сульфаттар	3500
Хлоридтер	11900
Мырыш	0,05
Қорғасын	0,01
Кальций	610
Магний	940
Кадмий	0,01
Калий	390
Натрий	7100

* Балық шаруашылығы су айдындары суы үшін зиянды заттардың шекті шекті жол берілген шоғырлары (ШЖШ) жалпыланған тізімі Мәскеу 1990 ж.

2018 жылғы 1-тоқсандағы Шығыс-Қазақстан облысы бойынша гидробиология көрсеткіштері бойынша беткі сулар сапасының жағдайы

№	Су объектісі	Бақылаубекеті	Тұстама (орналасқанжері)	А	В	А	В	А	В	орташа мән
1	Еміл	Қызылту аул.	Су өлшеубекетінің тұстамасында	100,0	әсеретпейді	93,3	әсеретпейді	90,0	әсеретпейді	94,4
2	ҚараЕртіс	Боран аул.	Боран а.шегінде; су бекетінен 0,3 км жоғары; су өлшеубекетінің тұстамасында	96,7	әсеретпейді	93,3	әсеретпейді	100,0	әсеретпейді	96,7
3	Ертіс	Өскемен қ.	қалашегінде; СЭС бөгетінен 0,8 км төмен	100,0	әсеретпейді	66,7	әсеретпейді	83,3	әсеретпейді	83,3
		Өскемен қ.	конденсаторлы зауаттың төменгі төгіндісінен 5 км. төмен	100,0	әсеретпейді	100,0	әсеретпейді	80,0	әсеретпейді	93,3
		Өскемен қ.	Үлбі өз. құйылысынан 3,2 км төмен (01)	100,0	әсеретпейді	100,0	әсеретпейді	86,7	әсеретпейді	95,6
		Өскемен қ.	Үлбі өз. құйылысынан 3,2 км төмен (09)	96,7	әсеретпейді	100,0	әсеретпейді	83,3	әсеретпейді	93,3
		Прапорщиково аул.	Прапорщиково а. шегінде; Бражий бұлағының құйылысынан 15 км төмен	100,0	әсеретпейді	100,0	әсеретпейді	76,7	әсеретпейді	92,2
		Предгорное аул.	Предгорное аул. шегінде; Красноярка өз. құйылысынан 1 км төмен	96,7	әсеретпейді	100,0	әсеретпейді	73,3	әсеретпейді	90,0
4	Буктырма	Зырян қ.	Лесная Пристань аул шегінде; Хамир өз. құйылысынан 0,1 км жоғары	100,0	әсеретпейді	100,0	әсеретпейді	100,0	әсеретпейді	100,0
		Зырян қ.	Зубовка аул шегінде; Березовка өз. құйылысынан 1,5 км төмен	100,0	әсеретпейді	100,0	әсеретпейді	100,0	әсеретпейді	100,0
5	Брекса	Риддер қ.	Шубин көзқайнарының құйылысынан 0,5 км жоғары	100,0	әсеретпейді	90,0	әсеретпейді	93,3	әсеретпейді	94,4
		Риддер қ.	қалашегінде; Брекса өз. сағасынан 0,6 км жоғары	56,7	әсеретпейді	0,0	әсеретпейді	63,3	әсеретпейді	40,0
6	Тихая	Риддер қ.	қалашегінде; Безымянный өзенінің құйылуынан 0,1 км жоғары	93,3	әсеретпейді	70,0	әсеретпейді	56,7	әсеретпейді	73,3
		Риддер қ.	Қалашегінде; сағадан 8 км жоғары	96,7	әсеретпейді	100,0	әсеретпейді	100,0	әсеретпейді	98,9
7	Үлбі	Тишинсккені	Тишинсккеніші шахталық суларының төгіндісінен 100м жоғары, Громотуха	90,0	әсеретпейді	100,0	әсеретпейді	80,0	әсеретпейді	90,0

			және Тихая өзендерінің қосылуынан 1,25 км төмен							
		Тишинсккені	Тишинсккеніші шахталық суларының төгіндісінен 4,8 км төмен; автожолкөпірі маңында	0,0	әсеретпейді	0,0	әсеретпейді	0,0	әсеретпейді	0,0
		Өскемен қ.	Каменный Карьер к. шегінде; су өлшеубекетінде	100,0	әсеретпейді	96,7	әсеретпейді	96,7	әсеретпейді	97,8
		Өскемен қ.	Қалашегінде; Үлбіөзені сағасынан 1 км жоғары (01); автожолкөпірі маңында	96,7	әсеретпейді	90,0	әсеретпейді	83,3	әсеретпейді	90,0
		Өскемен қ.	Қалашегінде; Үлбіөзені сағасынан 1 км жоғары (09); автожолкөпірі маңында	96,7	әсеретпейді	86,7	әсеретпейді	80,0	әсеретпейді	87,8
8	Глубочанка	Белоусовка аул.	Белоусовка а. шегінде; Белоусовка а. тазалау құрылғыларының шаруашылық қалдық сулары төгінділерінен 5,5 км жоғары	100,0	әсеретпейді	100,0	әсеретпейді	100,0	әсеретпейді	100,0
		Белоусовка аул.	Белоусовка а. шегінде; ауылдың тазалау құрылғыларының шаруашылық қалдық сулары төгінділерінен 0,5 км төмен; автожолкөпірі маңында	56,7	әсеретпейді	56,7	әсеретпейді	40,0	әсеретпейді	51,1
		Глубокое аул.	Глубокое аул шегінде; сағадан 0,3 км жоғары	80,0	әсеретпейді	63,3	әсеретпейді	56,7	әсеретпейді	66,7
9	Красноярка	Предгорное аул.	Ертіскенішіне нағынды шаруашылық қалдық су төгінділерінен 1,5 км жоғары	96,7	әсеретпейді	100,0	әсеретпейді	90,0	әсеретпейді	95,6
		Предгорное аул.	Березовка өз құйылысынан 1 км төмен; автожолкөпірі маңында	26,7	әсеретпейді	0,0	әсеретпейді	6,7	әсеретпейді	11,1
10	Оба	Шемонаиха қ.	Березовка өз құйылысынан 1,8 км жоғары	100,0	әсеретпейді	100,0	әсеретпейді	93,3	әсеретпейді	97,8
		Шемонаиха қ.	Камышенка аул шегінде; Таловка өз құйылысынан 4,1 км төмен	96,7	әсеретпейді	100,0	әсеретпейді	93,3	әсеретпейді	96,7

2018 жылғы 1 тоқсандағы гидробиологиялық (уыттылық) көрсеткіштер бойынша Қарағанды облысының жер үсті суларының сапасының жай-күйі

№ р/с	Су нысандары	Бақылау пункті	Тұстама (бекіту)	биотестілеу	
				Тест- көрсеткіш , %	Бағалау
1	Нұра өзені	Теміртау қ.	Арселор Миттал Теміртау» АҚ және «ТЭМК» АҚ б. а. с. шығ/нан 1 км жоғары	0	Уытты әсер етпейді
2	-//-	-//-	Арселор Миттал Теміртау» АҚ және «ТЭМК» АҚ б. а. с. шығ/нан 1 км төмен	0	
3	-//-	-//-	«Арселор Миттал Теміртау» АҚ және «ТЭМК» АҚ б. а. с. шығ/нан 5,7 км төмен	0	
4	-//-	Ынтымақ су қойма/ң төм. бьефі	бөгеттен 100 м төмен	0	
5	-//-	Акмешіт ауылы	ауыл шегінде, су бекеті тұстамасында	0	
6	Шерубайнұра өзені	Сағасы	Асыл а. 2 км төмен	0	
7	Қара Кеңгір өзені	Жезказған қ.	«Қазақмыс» корпорациясы кәсіпорны ағынды сулары шығарылымынан 0,2 км жоғары	0	
8	-//-	-//-	«Қазақмыс» корпорациясы кәсіпорны ағынды сулары шығарылымынан 0,5 км төмен	0	
9	Самарқан су қоймасы	Теміртау қ.	суқойманың оңтүстік жағалауынан тұстама бойынша 0,5 км жоғары	0	
10	Кеңгір су қоймасы	Жезказған қ.	Қара Кеңгір өзенінен 0,1 км А15	0	

Өндірістік мониторинг

2018 жылдың 1 тоқсанына «Аджип Казахстан Каспиан Оперейтинг» станцияларының мәліметтері бойынша атмосфералық ауаның ластану жай- күйі

Атмосфералық ауа жай-күйін бақылау үшін, автоматты үздіксіз режимде жұмыс істейтін ауа сапасының мониторинг станциялары (бұдан әрі – АСМС) пайдаланылды.

Атырау қаласы мен Атырау облысы аумағында атмосфералық ауаның ластануын бақылау АСМС 19 станциясының деректері бойынша «Аджип Казахстан Каспиан Оперейтинг» (Аджип ККО) («Тұрғын қалашығы», «Авангард», «Болашақ Шығыс», «Болашақ Батыс», «Болашақ Оңтүстік», «Болашақ Солтүстік», «Вест Ойл», «Восток», «Доссор», «Загородная», «Мақат», «Ескене кенті», «Привокзальная», «Самал», «Ескене» станциясы), «Қарабатан», «Таскескен», «ТКА», «Шағалы») жүргізілді.

Атмосфералық ауада көміртегі оксидінің, азот оксиді мен диоксидінің, күкірт диоксидінің, күкіртті сутегінің мөлшерлері анықталды.

«Тұрғын қалашығы» станциясы ауданында көміртегі оксиді бойынша – 2,30 ШЖШ_{м.б.}, «Шағалы» станциясы – 2,01 ШЖШ_{м.б.}, «Тұрғын қалашығы» станциясы ауданында күкірт диоксиді бойынша – 1,325 ШЖШ_{м.б.}, «Болашақ Батыс» станциясы – 1,748 ШЖШ_{м.б.}, «Шағалы» станциясы – 1,255 ШЖШ_{м.б.}, «Тұрғын қалашығы» станциясы ауданында күкіртті сутегі бойынша – 92,424 ШЖШ_{м.б.}, «Авангард» станциясы – 12,850 ШЖШ_{м.б.}, «Вест Ойл» станциясы – 132,203 ШЖШ_{м.б.}, «Восток» станциясы – 8,580 ШЖШ_{м.б.}, «Загородная» станциясы – 7,856 ШЖШ_{м.б.}, «Мақат» станциясы – 1,443 ШЖШ_{м.б.}, «Ескене кенті» станциясы – 1,684 ШЖШ_{м.б.}, «Привокзальный» станциясы – 53,990 ШЖШ_{м.б.}, «Самал» станциясы – 1,458 ШЖШ_{м.б.}, «ТКА» станциясы – 6,883 ШЖШ_{м.б.}, «Шағалы» станциясы – 98,131 ШЖШ_{м.б.}; «Болашақ Солтүстік» станциясы ауданында азот диоксиді бойынша 3,0 ШЖШ_{м.б.}; «Тұрғын қалашығы» станциясы ауданында азот оксиді бойынша 1,53 ШЖШ_{м.б.}, «Қарабатан» станциясы – 1,45 ШЖШ_{м.б.}, «Шағалы» станциясы - 1,22 ШЖШ_{м.б.} асуы байқалды.

2018 жылғы 14, 15, 16, 20, 21 қаңтарда, 22, 26 ақпанда, 7, 9, 16, 17, 18, 28, 31 наурызда Атырау қаласында орналасқан «Вест Ойл» №104 автоматты бекетінің бақылау мәліметі бойынша күкіртті сутегі бойынша атмосфералық ауаның жоғары ластану (ЖЛ) 10,3-31,7 ШЖШ_{м.б.} аралығында 42 жағдайлары және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) 59,0-132,2 ШЖШ_{м.б.} аралығында 5 жағдайлары, 2018 жылғы 8, 9 наурызда Атырау қаласында орналасқан «Әкімдік» №112 автоматты бекетінің бақылау мәліметі бойынша күкіртті сутегі бойынша атмосфералық ауаның жоғары ластану (ЖЛ) 12,4-45,4 ШЖШ_{м.б.} 5 жоғары ластануының жағдайы және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) 70,4 ШЖШ_{м.б.} аралығында 1 жағдайы, 2018 жылғы 9, 24, 31 наурызда Атырау қаласында орналасқан «Тұрғын қалашығы» №111 автоматты бекетінің бақылау мәліметі бойынша күкіртті сутегі бойынша атмосфералық ауаның жоғары ластану (ЖЛ)

10,1-40,98 ШЖШ_{м.б.} 5 жоғары ластануының жағдайы және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) 58,8-92,4 ШЖШ_{м.б.} аралығында 5 жағдайлары, 2018 жылғы 21 қаңтарда, 8 ақпанда, 22 наурызда Атырау қаласында орналасқан «Шағалы» №103 автоматты бекетінің бақылау мәліметі бойынша күкіртті сутегі бойынша атмосфералық ауаның жоғары ластану (ЖЛ) 41,9-43,4 ШЖШ_{м.б.} 3 жоғары ластануының жағдайлары және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) 64,7-98,1 ШЖШ_{м.б.} аралығында 4 жағдайлары, 2018 жылғы 25 наурызда Атырау қаласында орналасқан «Привокзальный» №110 автоматты бекетінің бақылау мәліметі бойынша күкіртті сутегі бойынша атмосфералық ауаның жоғары ластану (ЖЛ) 12,98 ШЖШ_{м.б.} 1 жоғары ластануының жағдайы және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) 53,99 ШЖШ_{м.б.} аралығында 1 жағдайы, 2018 жылғы 31 наурызда Атырау қаласында орналасқан «Авангард» №113 автоматты бекетінің бақылау мәліметі бойынша күкіртті сутегі бойынша атмосфералық ауаның жоғары ластану (ЖЛ) 12,9 ШЖШ_{м.б.} 1 жоғары ластануының жағдайы тіркелді (2-кесте).

Басқа қалған анықталатын заттардың шоғырлары норма шегінде болды (8 – қосымша кестесі).

«Аджип Қазақстан Каспиан Оперейтинг» стансаларының мәліметтері бойынша атмосфералық ауаның ластану
жай-күйі

Аджип ККО АСМС стансалары	Көміртегі оксиді (CO), мг/м ³				Күкірт диоксиді (SO ₂), мг/м ³				Күкірттісутегі (H ₂ S), мг/м ³			
	Шоғырлар											
	Орташа		Максималды		Орташа		Максималды		Орташа		Максималды	
	мг/м ³	ШЖШ асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ асу еселігі
Тұрғын қалашығы	0.57	0.19	11.51	2.30	0.003	0.055	0.663	1.325	0.002		0.739	92.424
Авангард	0.45	0.15	2.63	0.53	0.003	0.052	0.087	0.175	0.001		0.103	12.850
Әкімдік	0.70		21.01		0.003		0.881		0.002		0.563	
Болашақ Шығыс	0.52	0.17	0.84	0.17	0.002	0.034	0.222	0.444	0.001		0.002	0.254
Болашақ Батыс	0.29	0.10	0.46	0.09	0.003	0.065	0.874	1.748	0.000		0.002	0.303
Болашақ Солтүстік	0.54	0.18	1.27	0.25	0.003	0.053	0.051	0.103	0.000		0.005	0.580
Болашақ Оңтүстік	0.48	0.16	3.27	0.65	0.003	0.068	0.042	0.085	0.001		0.003	0.358
Вест Ойл	0.60	0.20	1.54	0.31	0.001	0.030	0.099	0.199	0.005		1.058	132.203
Восток	0.57	0.19	3.42	0.68	0.002	0.035	0.045	0.091	0.002		0.069	8.580
Доссор	0.38	0.13	1.95	0.39	0.002	0.035	0.014	0.028	0.000		0.004	0.514
Загородная	0.56	0.19	3.59	0.72	0.003	0.050	0.042	0.084	0.001		0.063	7.856
Мақат	0.44	0.15	1.00	0.20	0.001	0.030	0.010	0.021	0.001		0.012	1.443
Ескене кенті	0.51	0.17	0.73	0.15	0.001	0.027	0.078	0.156	0.000		0.013	1.684
Привокзальная	0.34	0.11	0.84	0.17	0.002	0.036	0.327	0.653	0.002		0.432	53.990
Самал	0.56	0.19	1.20	0.24	0.002	0.044	0.060	0.120	0.000		0.012	1.458
Ескене станциясы	0.24	0.08	0.68	0.14	0.001	0.028	0.023	0.045	0.001		0.005	0.596
Қарабатан	0.42	0.14	0.73	0.15	0.003	0.051	0.375	0.750	0.000		0.003	0.380
Таскескен	0.27	0.09	0.95	0.19	0.002	0.046	0.225	0.449	0.001		0.008	0.949
ТКА	0.40	0.13	3.39	0.68	0.002	0.036	0.073	0.145	0.001		0.055	6.883
Шағалы	0.74	0.25	10.05	2.01	0.001	0.0250	0.627	1.255	0.004		0.785	98.131

Аджи́п КҚО АСМС стансалары	Азот диоксиді (NO ₂), мг/м ³				Азот оксиді (NO), мг/м ³			
	Шоғырлар							
	Орташа		Максималды		Орташа		Максималды	
	мг/м ³	ШЖШ асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ асу еселігі
Тұрғын қалашығы	0.01	0.23	0.071	0.35	0.003	0.052	0.611	1.53
Авангард	0.02	0.44	0.079	0.39	0.005	0.08	0.132	0.33
Әкімдік	0.02		0.078		0.012		0.517	
Болашақ Шығыс	0.00	0.062	0.016	0.08	0.000	0.002	0.005	0.01
Болашақ Батыс	0.00	0.093	0.096	0.48	0.000	0.006	0.045	0.11
Болашақ Солтүстік	0.00	0.088	0.600	3.00	0.001	0.02	0.021	0.05
Болашақ Оңтүстік	0.00	0.065	0.014	0.07	0.000	0.008	0.004	0.01
Вест Ойл	0.01	0.15	0.075	0.38	0.001	0.016	0.078	0.19
Восток	0.02	0.48	0.092	0.46	0.008	0.14	0.158	0.39
Доссор	0.00	0.061	0.053	0.27	0.001	0.013	0.027	0.07
Загородная	0.01	0.33	0.081	0.41	0.011	0.19	0.295	0.74
Мақат	0.01	0.30	0.106	0.53	0.004	0.07	0.222	0.56
Ескене кенті	0.00	0.06	0.065	0.32	0.001	0.016	0.003	0.01
Привокзальная	0.04	1.07	0.098	0.49	0.004	0.069	0.085	0.21
Самал	0.00	0.094	0.056	0.28	0.002	0.035	0.024	0.06
Ескене станциясы	0.00	0.075	0.050	0.25	0.002	0.027	0.059	0.15
Қарабатан	0.00	0.10	0.065	0.33	0.002	0.033	0.579	1.45
Таскескен	0.00	0.089	0.065	0.33	0.003	0.048	0.188	0.47
ТКА	0.01	0.16	0.055	0.28	0.001	0.024	0.065	0.16
Шағалы	0.02	0.39	0.082	0.41	0.005	0.08	0.488	1.22

Ескерту: «Әкімдік» станциясы техникалық себептерге байланысты жұмыс істемейді.

2018 жылдың 1 тоқсанына «Атырау мұнай өңдеу зауытының» ауа сапасының мониторингі станциясының деректері бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау жүргізу үздіксіз режимде жұмыс істейтін автоматты ауа сапасы мониторинг станциялары (бұдан әрі-АСМС) қолданылды.

Атырау қаласы аумағында атмосфералық ауаның ластануына бақылау 4 экобекетте («Мирный» №1 – Мирный кенті, Гайдар көшесінде, «Перетаска» №2 – Говоров көшесінде, «Химкенті» №3 – Химкентінде Менделеев көшесінде, «Пропарка» №4 – жуып-шаю станциясы ауданында орналасқан) жүргізілді.

Атмосфералық ауада көміртегі оксидінің, азот оксиді мен диоксидінің, күкірт диоксидінің, күкірт сутегісінің, көміртекті сутегі мөлшерлері анықталды.

1 тоқсанда «Мирный» станциясы аумағында күкірттісутек бойынша шоғыр – 29,750 ШЖШ_{м.б.}, «Пропарка» станциясы аумағында – 20,750 ШЖШ_{м.б.}, «Химпоселок» станциясы аумағында – 4,125 ШЖШ_{м.б.}, «Перетаска» станциясы аумағында – 5,375 ШЖШ_{м.б.} құрады; «Перетаска» станциясы аумағында азот диоксиді бойынша шоғыр 1,65 ШЖШ_{м.б.} құрады.

2018 жылғы 22 ақпанда Атырау қаласында орналасқан «Пропарка» №4 автоматты бекетінің бақылау мәліметі бойынша күкіртті сутегі бойынша атмосфералық ауаның жоғары ластану (ЖЛ) 13,5 және 20,8 ШЖШ_{м.б.} 2 жағдайлары тіркелді (9-қосымша кестесі).

Басқа анықталатын қоспалардың шоғыры норма шегінде болды (9-қосымша кестесі).

«Атырау мұнай өңдеу зауытының» ауа сапасы мониторингі станциясының деректері бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

АМӨЗ стансалары	Көміртегі оксиді (CO), мг/м ³				Азот оксиді (NO), мг/м ³				Азот диоксиді (NO ₂), мг/м ³			
	Шоғырлар											
	Орташа		Максималды		Орташа		Максималды		Средняя		Максимальная	
	мг/м ³	ШЖШ асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ асу еселігі
Мирный	0.00	0.00	0.00	0.00	0.005	0.089	0.077	0.193	0.014	0.3	0.073	0.37
Перетаска	0.35	0.12	1.81	0.36	0.007	0.122	0.114	0.285	0.015	0.4	0.330	1.65
Пропарка	0.33	0.11	1.21	0.24	0.003	0.050	0.030	0.075	0.007	0.2	0.070	0.35
Химкенті	0.41	0.14	2.81	0.56	0.004	0.072	0.050	0.125	0.010	0.3	0.073	0.37

АМӨЗ стансалары	Күкірт диоксиді (SO ₂), мг/м ³				Күкіртті сутегі (H ₂ S), мг/м ³				Көмір сутегісінің сомасы, мг/м ³			
	Концентрации											
	Орташа		Максималды		Орташа		Максималды		Орташа		Максималды	
	мг/м ³	ШЖШ асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ асу еселігі
Мирный	0.017	0.33	0.334	0.67	0.005		0.238	29.750	0.00		0.00	
Перетаска	0.007	0.14	0.145	0.29	0.005		0.043	5.375	0.35		2.51	
Пропарка	0.007	0.14	0.214	0.43	0.006		0.166	20.750	0.31		4.37	
Химкенті	0.007	0.13	0.077	0.15	0.002		0.033	4.125	0.37		4.15	



**«КАЗГИДРОМЕТ» РМК
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МОНИТОРИНГ ДЕПАРТАМЕНТІ**

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

**АСТАНА ҚАЛАСЫ
МӘНГІЛІК ЕЛ ДАҢҒЫЛЫ 11/1
ТЕЛ. 8-(7172)-79-83-65 (ішкі. 1090)**

E MAIL:ASTANADEM@GMAIL.COM